



## MEMLEKET BASSHYSY TILKTESTIGIN JETKIZDI

Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Араб Әмірліктерінің Президенті шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянға хат жолдады.

Мемлекет басшысы хатында Таяу Шығыстағы қазіргі күрделі ахуал кезінде Біріккен Араб Әмірліктеріне қолдау мен тілектестігін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянның тегеурінді, парасатты әрі көреген басшылығымен БАӘ қауіп-қатерді еңсеріп, қарқынды стратегиялық даму бағдарын жалғастыратынына сенім білдірді.

Қазақстан Президенті дипломатия және сындарлы диалог ұзақмерзімді бейбітшілік пен тұрақтылыққа қол жеткізудің ең сенімді құралы екенін тағы да атап өтті.



Мемлекет басшысының бұл хаты өзара сенімнің жоғары деңгейін, ынтымақтастықтың стратегиялық сипатын және Қазақстан мен Біріккен Араб Әмірліктері халықтарының арасындағы шынайы бауырластық қарым-қатынасты растайтынын көрсетеді.

## BAUYIRLAS ELDER BAYLANYSYNYŇ BIİK BELESI

Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Вице-президенті Джевдет Йылмазбен кездесті.



Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге алғаш рет сапармен келген Джевдет Йылмазға ілтипат білдіре отырып, бауырлас Түркия Қазақстанның стратегиялық серіктесі екеніне назар аударды.

— Бауырластығымыз өзара сенім мен құрметке негізделген. Дипломатиялық қатынас орнаған 35 жылға жуық уақыт ішінде біз көптеген биік белесті бағындырдық. Қарым-қатынасымыз жоғары қарқынмен дамып келе жатыр. Арамызда ешқандай түйткіл жоқ. 14 мамырда Президент Режеп Тайип Ердоғанның елімізге мемлекеттік сапармен келеді. Сапар аясында Стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің кезекті отырысын өткіземіз. Жаңа келісімдерге қол қоямыз, — деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев бүгін Астанада

Қазақстан Премьер-министрі және Түркия Вице-президентінің тең төрағалығымен өткен Үкіметаралық комиссия қорытындысы екі елдің сан қырлы әріптестігін одан әрі жандандыра түсетініне сенім білдірді.

Джевдет Йылмаз қазақ елінде көрсетілген сый-құрмет үшін Мемлекет басшысына алғыс айтты. Сондай-ақ Президент Режеп Тайип Ердоғанның сәлемі мен ыстық ықыласын жеткізіп, Түркия көшбасшысы Қазақстанға мемлекеттік сапарына және Түркі мемлекеттері ұйымының Түркістандағы бейресми саммитіне ерекше мән беріп отырғанын мәлімдеді.

— Жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру аясында жана ғана Премьер-министр Олжас Бектенов мырзамен бірге Үкіметаралық сауда-экономикалық комиссия-

сының 14-отырысын өткізді. Оның қорытындысы бойынша түрлі саладағы нақты шараларды іске асыратын бірлескен іс-қимыл жоспарына қол қойылды. Бұл құжат алдағы кезеңге арналған сауда-экономикалық ықпалдастығымыздың жол картасына айналады, — деді Түркия Вице-президенті.

Джевдет Йылмаз жаңа Конституцияны қабылдау бойынша жалпыұлттық референдумның табысты өтуімен құттықтап, Қазақстанның өсіп-өркендеуіне тілектестік білдірді.

Мемлекет басшысы осы тарихи сәтте бауырлас түрік халқының қолдауын сезінгенін, Түркиядан келген байқаушылар референдумға ерекше атсалысқанын атап өтті.

Әңгімелесу барысында екі елдің сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығын нығайту перспективасы талқыланды. Соның ішінде өңдеу өнеркәсібі, инфрақұрылым, энергетика, логистика, агроөнеркәсіп кешені, білім және туризм салаларында бірлескен жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктері қарастырылды.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев пен Джевдет Йылмаз халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер, Таяу Шығыстағы күрделі ахуал жөнінде пікір алмасты.

Мемлекет басшысы Түркияның аймақтағы тұрақтылықты қамтамасыз етудегі рөлін жоғары бағалап, алдағы Анталия дипломатиялық форумына қатысатынын растады.

## SU RESURSTARYN TIIMDI PAIDALANU MAŇYZDY

Мемлекет басшысы БҰҰ Бас хатшысының Су ресурстары жөніндегі арнаулы өкілі Ретно Марсудиді қабылдады.

Кездесуде су ресурстарының жаһандық және өңірлік күн тәртібіндегі негізгі мәселелері талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан үшін су орнықты даму, экологиялық қауіпсіздік және өңірдегі тұрақтылықпен тікелей байланысты стратегиялық ресурс саналатынын атап өтті.

Президент саладағы халықаралық ынтымақтастықтың анағұрлым тиімді архитектура-сын қалыптастырудың маңызы ерекше екеніне назар аударды.

Осы орайда Мемлекет басшысы БҰҰ аясында Халықаралық су ұйымын құру жөнінде көтерген бастамасына арнайы тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, бұл қадам су ресурстарын ұтымды пайдалану, су проблематикасына қатысты сын-кәтерлер бойынша халықаралық үйлестіру тетігін кеңейту және орнықты шешімдерді ілгерілету жөніндегі жаһандық күш-жігерге тын серпін береді.

Алдағы күндері Астанада өтетін Өңірлік экологиялық саммитте аталған құрылымды қалыптастыру параметрлері мен перспективасын егжей-тегжейлі талқылауға бағытталған халықаралық консультациялардың алғашқы кезеңін бастау жоспарланып отыр.

Сонымен қатар биыл желтоқсан айында Абу-Дабиде өтетін Су ресурстары жөніндегі



БҰҰ конференциясы саладағы түйткілдерді шешудің өзара келісілген тәсілдерін әзірлейтін алаң рөлін атқаратыны айтылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ретно Марсуди Орталық Азия өңірінде су ресурстарын тиімді пайдалану мәселесі жөнінде пікір алмасты.

## QARJY NARYFYN DAMYTU QAJET

Мемлекет басшысы «Астана» халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Ренат Бектұровты қабылдады.



Президентке АХКО қызметінің 2025 жылғы және 2026 жылдың I тоқсанындағы негізгі нәтижелері, сондай-ақ Орталықты одан әрі дамыту жоспары таныстырылды.

Орталық құрылғаннан бастап тартылған инвестиция көлемі 21,5 миллиард долларға жетті (2025 жылдан бері – 7,2 миллиард доллар). Орталықтың басқаруындағы активтердің жалпы көлемі 5,4 миллиард долларды құрады.

Ренат Бектұровтың айтуынша, АХКО қатысушылары ел бюджетіне 284,3 миллиард теңге салық төлеген (2026 жылғы I қантардағы жағдай бойынша), былтырдың өзінде 135,9 мил-

лиард теңге аударған. Салық түсімдері өсуіне негізінен қатысушылар санының артуы және олардың қызметінің жандануы әсер етті. Мәселен, 2025 жылдан бастап 1800-ден астам жаңа компания тіркелді. Орталық қатысушыларының жалпы саны 5400-ден асты.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа АХКО органдары мен ұйымдары атқарған жұмыс нәтижелері баяндалды. АІХ биржасы құрылғаннан бері борыштық және үлестік капитал көлемі 12,4 миллиард долларға артты. 2023-2025 жылдардағы сауда-саттық 4 миллиард долларға жетті.

Былтырдан бері АХКО соты мен Халықаралық төрелік орталығы 1600-ден астам істі қарады, ал оның жалпы саны 4900-ден асты.

Мемлекет басшысына авиациялық-қаржылық экосүйені дамыту мақсатында Aviation Finance Hub іске қосылғаны туралы мәлім берілді. Бұл бастама әуе кемелерін қаржыландыру мен лизингті дамытуға, салалық сараптаманы жетілдіруге бағытталған. Сондай-ақ АХКО геологиялық барлаудың бастапқы кезеңіндегі жобаларға инвестиция тартуды көздейтін арнайы платформаны іске қосты. Орталық венчурлық қорлар мен студиялар және краудфандинг платформалар ашу арқылы өңірдегі креативті индустрияны қолдауға арналған экосүйені дамытуда.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Орталықты одан әрі ілгерілетуге қатысты бірқатар міндет жүктеді. Осы орайда АХКО-ның халықаралық беделін күшейту, реттеуші ортасын жетілдіру, елге капитал тарту үшін барынша қолайлы жағдай жасау және Қазақстанның қаржы нарығын дамыту мақсатында Орталық тәжірибесін жаппай тарату қажет екенін атап өтті.



## ALASH PEN JAPON ARAZY

Жапонның үш қаһарманы туралы жазу барысында Алаш қозғалысының көш басында тұрған үш арыс – Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов есіме түсті. Олар да жалғыз емес еді. Кейін олардың қатарына Ресейдің ең беделді жоғары оқу орындарын бітірген Ж.Ақбаев, М.Шоқай, М.Тынышбаев, Ә.Ермеков, Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, Р.Мәрсекөв, т.б. Алаштың ардақты қайраткерлері қосылды.

→ 6-7

## TEREŇDEGI TIREK

Көктемнің бел ортасында Қазақстанның елордасында өтетін аймақтық экологиялық саммит – замананың зәру сұрақтарына жауап ізделетін тағдыршешті жиынның бірі. Бұл басқосу табиғат тағдырын талқылаумен шектелмей, су қауіпсіздігін ұлт болашағының өзегі ретінде қайта пайымдайтын бірегей алаң болмақ. Демек, саммит – жаңа Ата заңда бекітілген стратегиялық саясат пен табиғат тоғысқан тұстағы жаңа бетбұрыстың бастауы.



### SU QAUIPSIZDIGHI – STRATEGIYALYK MINDET

Алдағы аптада, 22-24 сәуір аралығында Қазақстан экологиялық дипломатияның орталығына айналады. Астана төрінде Өңірлік экологиялық саммит (RES 2026) өтеді. Оған мемлекеттер басшылары, халықаралық ұйымдар, бизнес пен ғылым өкілдерінен 1500-дей делегат қатысады деп жоспарланған. RES 2026-ны БҰҰ-мен әріптестікте өткізу ұсынысын Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 78-сессиясында жариялаған-тын.

(Жалғасы 5-бетте)

## SHAHARDYŇ MƏDENI KEŇISTIGHI KƏRKHEYDI

Шымкент қаласына жұмыс сапары аясында Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева мегаполистің мәдени-туристік әлеуетін дамыту, креативті индустрияларды ілгерілету және заманауи мәдени инфрақұрылымды қалыптастыру бағыттарын жан-жақты саралады. Сапар барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жүктеген мәдениет саласын жүйелі жаңғырту, шығармашылық ортаны қолдау және өңірдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелеріне ерекше назар аударылды.



Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева алдымен шаһардың туристік әлеуетін саралап, қоғамдық кеңістіктердің даму барысымен танысты. Шымкент итаделіне барып, музей экспозицияларын аралап, тарихи-мәдени мұраны сақтау ісінің маңызын атап өтті. Сондай-ақ этноауыл жұмысымен танысып, мұндай нысандарды архаиканық сипатта қалдырмай, заманауи, креативті әрі инновациялық бағытта дамыту қажеттігін жеткізді.

(Жалғасы 4-бетте)

16 СӘУІР 2026 | БЕЙСЕНБІ



## ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЕЛІМІЗДІҢ ҰЗАҚМЕРЗІМДІ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАДЫ

Жаңа Конституция – саяси институттарды жүйелі түрде жаңғырту және Қазақстанның заманауи әрі тиімді басқару үлгісіне көшу жолындағы тарихи қадам. Бұл жөнінде Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев айтты.

Парламент Сенатында салтанатты жиын өтті. Онда жаңа Конституцияға байланысты республикалық референдумның қорытындысы талқыланды. Палата Төрағасы аталған референдум, шын мәнінде, тарихи оқиға болғанын айтты. Сондай-ақ ол дауыс берген азаматтардың 87 пайыздан астамы Президент жариялаған конституциялық реформаны қолдағанын, соның нәтижесінде еліміздің жаңа Ата заңы қабылданғанын атап өтті. Бұл – тәуелсіз Қазақстанның дамуы жолындағы маңызды қадам.

Мәулен Әшімбаев конституциялық реформа Мемлекет басшысы бастамашы болған ауқымды жаңғыртулардың дәйекті жалғасы екеніне тоқталды. Жаңа Конституция қазіргі заман талаптарына сай екені және мемлекеттілігіміздің ғасырлар бойы қалыптасқан даму тарихының жарқын көрінісі саналатыны да өңгімеге арқау болды.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылған конституциялық реформа ел дамуының жаңа кезеңіне жол ашты. Қабылданған Ата заң саяси жүйені сапалық тұрғыдан жаңа деңгейге көтеруге бағытталған. Сондай-ақ мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сенімді нығайтудың тиімді тетіктері айқындалып, дамуының жаңа парадигмасы қалыптасты. Конституцияда азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау басым міндет ретінде белгіленгені ерекше атап өткен жөн. Билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ететін нормалар да қарастырылды. Жалпы, жаңа Конституция еліміздің ұзақмерзімді әрі нәтижелі дамуының берік құқықтық және саяси негізін қалады. Бұл – Қазақстанның одан әрі өсіп-өркендеуі үшін аса маңызды қадам», – деді Сенат Төрағасы.

Іс-шарада жаңа Ата заң Әділетті Қазақстан идеясын толық іске асырудың құқықтық негізін бекіте түскеніне назар аударылды. Сондай-ақ адам құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің ең жоғары құндылығы ретінде айқындау осы реформа

аясындағы аса маңызды тұжырымдамалық өзгерістердің бірі болғаны айтылды.

«Ең бастысы – қоғам конституциялық реформаға бейжай қараған жоқ. Азаматтардың басым көпшілігі ел дамуының берік негізіне айналатын жаңа Конституцияны қолдады. Референдум нәтижелері халықтың ел болашағына жауапкершілікпен қарайтынын көрсетті. Сондай-ақ Мемлекет басшысының реформаларына азаматтардың сенімі жоғары екенін тағы бір мәрте паш етті. Қазір алдымызда жаңа Конституциядан туындайтын ауқымды міндеттер тұр. Басты мақсат – Президентіміздің бастамасымен қолға алынған реформаларды сапалы жүргізу, жаңа Ата заңда айқындалған кандидаттарды нақты мазмұнмен толықтыру және тиісті заңдар қабылдау арқылы Әділетті Қазақстан қалыптастыру идеясын іске асыру. Бұл – депутаттар үшін ортақ міндет, ортақ жауапкершілік», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы Президент Жарлығымен Қазақстан Республикасының мемлекеттілігі мен егемендігін нығайту ісіндегі еселі еңбегі, белсенді қоғамдық және мінсіз мемлекеттік қызметі, елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуына, ұлтаралық келісімді нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін марапатталған бірқатар сенатор мен палата аппаратының қызметкерлеріне мемлекеттік наградаларды тапсырды.

Атап айтқанда, сенаторлар Сұлтанбек Мәкежанов пен Нұртөре Жүсіп III дәрежелі «Барыс» орденімен наградалды. Палата депутаттары Ғалиасқар Сарыбаев пен Ольга Булавкинаға «Парасат» ордені табысталды. Сенатор Руслан Рүстемов, Сенат аппаратының басшысы Максим Споткай, аппарат басшысының орынбасары Адай Баймұқанов, бөлім басшысы Бақытұл Төлеуова және баспасөз қызметі басшысының орынбасары Еламан Қоңыр «Құрмет» орденімен марапатталды. Бұдан басқа, аппараттың бірқатар қызметкеріне «Ерен еңбегі үшін» медалі мен Президенттің Алғыс хаты тапсырылды.

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙГЕ ЖЕТТІ

Қазақстан Премьер-министрі Олжас Бектенов пен Түркия Вице-президенті Джевдет Йылмаз Астанада сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның 14-отырысын өткізді. Келіссөздер барысында екі ел арасындағы сауда, инвестиция және өнеркәсіптік кооперацияны кеңейту мәселелері талқыланды.



Тараптар тауар айналымын арттыру мен экономикалық байланыстарды әртараптандыруға басымдық беріп отыр. «Түркия – Қазақстанның бес негізгі сауда серіктесінің бірі. Елдер арасындағы тауар айналымы өткен жылы 9%-ға артты», – деді Олжас Бектенов. Оның айтуынша, Қазақстан экспортты шикізаттан өңделген өнімдерге көшіруге мүдделі.

Өз кезегінде Джевдет Йылмаз екі елдің байланысы тек экономикамен шектелмейтінін атап өтті. «Қазақстан мен Түркия – ортақ тарих пен мәдениет біріктірген стратегиялық серіктестер. Бүгінгі кездесу болашақтағы ынтымақтастықтың нақты жол картасын айқындайды», – деді ол.

Кездесуде көлік және логистика саласына ерекше назар аударылды. Орта дәліз арқылы жүк тасымалы соңғы жылдары айтарлықтай өскен. Бұл бағыттағы инфрақұрылымды жаңғырту екі ел үшін ортақ басымдық ретінде белгіленді.

Сондай-ақ энергетика, агроөнеркәсіп, цифрландыру және денсаулық сақтау салаларында жаңа жобаларды іске асыру мәселесі көтерілді. Бүгінде жалпы құны \$4 млрд болатын 98 жоба жүзеге асырылып жатыр, тағы ондаған бастама дайындық кезеңінде.

Келіссөз қорытындысында тараптар ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге уағдаласып, үкіметаралық комиссия хаттамасына қол қойды.

## «РЕЙТИНГТІК ҚЫЗМЕТ» ЗАҢМЕН РЕТТЕЛЕДІ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар «Рейтингтік қызмет туралы» заң жобасы мен ілеспе түзетулерін бірінші оқылымда мақұлдады. Сондай-ақ екінші оқылымда депутаттар бастамашылық еткен ғылым мәселелері бойынша түзетулер қабылданды.



«Рейтингтік қызмет туралы» заң жобасы мен оған ілеспе түзетулер Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру аясында әзірленген. Құжатты депутаттарға Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымова таныстырды.

– Жаңа заң алғаш рет Қазақстанда кредиттік рейтингтік агенттіктердің қызметін реттеудің құқықтық негізін белгілейді. Олардың мәртебесі, қызмет шарттары, тәуелсіздік, ашықтық және есептілік талаптары айқындалады. Кредиттік рейтингтерді кредиттік сын-қатерлерді бағалау және инвестициялық шешімдер қабылдау кезінде инвесторлар, банктер және қаржы реттеушілері кеңінен қолданады, – деді Агенттік басшысы.

Заң жобасы нарықтың жаңа институционалды моделін енгізеді. Ол Ұлттық банктің қатысуымен қазақстандық рейтингтік агенттік құруға, сондай-ақ шетелдік және халықаралық агенттіктерді таңуға құқықтық негіз қалайды. Соның ішінде Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының кемінде бес елінде мойындалған халықаралық агенттіктер де қамтылады.

Бұл ретте кредиттік рейтингтік агенттіктердің қызметін реттеу мен қадағалаудың толық циклі қалыптасады. Мәдина Әбілқасымованың айтуынша, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне халықаралық және шетелдік рейтингтік агенттіктерді таңу, мониторинг жүргізу және таңуды қайтарып алу, сондай-ақ рейтингтік қызмет туралы заңнама талаптарының сақталуын бақылау өкілеттіктері беріледі.

Халықаралық және шетелдік рейтингтік агенттіктердің нарыққа кіруі үшін кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесінің болуы, меншікті капиталдың жеткілікті деңгейі және басқа да біліктілік талаптары белгіленеді.

Қазақстандық рейтингтік агенттік үшін заңнама аясында жарғылық және меншікті капиталдың ең төменгі мөлшеріне қойылатын талаптар айқындалады. Жарғылық капитал шамамен 10 млрд теңгені құрайды деп күтілуде, бұл басқа елдердегі ұқсас агенттіктердің тәжірибесіне сәйкес келеді.

Мәжілістің Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы, жұмыс тобының жетекшісі Татьяна Савельева рейтинг беру тек бекітілген әдіснама негізінде жүзеге асырылатынын нақтылады. Сонымен қатар әдіснаманы тұрақты түрде жаңарту, өзгерістерді көрсету және рейтингтерге әсер ететін қателіктер туралы ақпаратты жариялау талаптары енгізіледі.

– Тәуелсіздік мәселесіне ерекше назар аударылды. Рейтингтік агенттіктерге өздерінің негізгі функциясы – рейтинг беруде мүдделер қақтығысын болдырмау үшін консультациялық қызмет көрсетуге тыйым салынады. Егер мұндай жағдай туындаған кезде жекемен сабақтас талдау және зерттеу қызметтеріне рұқсат етіледі, – деді Мәжіліс депутаты.

Баяндамашылар ұсынылып отырған заң жобасы кредиттік рейтингтердің ашықтығын, тәуелсіздігін және сапасын қамтамасыз етуге бағытталған рейтингтік қызметті реттеудің жүйелі моделін қалыптастыратынын атап өтті. Құжаттың қабылдануы ішкі капитал нарығын дамытуға институционалды негіз қалыптастырып, инвесторлардың құқықтарын қорғауды күшейтіп, қаржы жүйесіне деген сенімді арттырады.

Талқылау барысында депутаттар ұлттық рейтингтік жүйені енгізу қаржы ұйымдары үшін қандай мүмкіндіктерге жол ашатынын, халықаралық рейтингтерді бар баннерді ұлттық рейтингті пайдалануға ынтымақтандыру шаралары туралы сұрақтар қойды. Сондай-ақ депутаттар Ұлттық банктің қазақстандық рейтингтік агенттік акционерлерінің қатарында болуының негізділігі мен оның болжамды үлесі жөнінде пікір білдірді. Агенттіктердің сапасыз рейтинг бергені үшін кан-

дай жауапкершілік арқалайтыны және басқа да мәселелер сөз болды.

Пікірталас қорытындысы бойынша депутаттар заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдау туралы шешім қабылдады. Жұмыс тобының отырыстарында құжатқа қатысты жұмыс жалғасатын болады.

Сонымен қатар екінші оқылымда ғылыми-техникалық қызметті жетілдіруге бағытталған, ғылым мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулары бар депутаттық заң қабылданды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ғылым қалашықтарын құру жөнінде нақты тапсырма берген болатын. Сол тапсырманы іске асыру үшін біз заңға алғаш рет «ғылыми аумақ» ұғымын енгізіп отырмыз. Ел жеке елді мекен – ғылым қаласы (Курчатов сияқты) немесе ғылыми-технологиялық парк форматында болуы мүмкін, – деді Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы, жұмыс тобының жетекшісі Асхат Аймағамбетов.

Депутаттың айтуынша, мұндай аумақтар үшін жеңілдіктер мен арнайы жағдайларды қамтитын кешенді қолдау шаралары қарастырылған. Атап айтқанда, инновацияларды мемлекеттік қолдау, арнайы білім беру гранттарын бөлу, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақ мәртебесін алу мүмкіндігі көзделген. Бір сөзбен айтқанда, ғылыми зерттеуден бастап өндіріске енгізу мен коммерциализацияға дейінгі толыққанды экожүйе қалыптасуы.

Сонымен қатар ғылыми жобалар мен бағдарламаларды іске асыру мерзімдерін есептеу тәртібі заң арқылы жетілдіріледі. Енді ғылыми жобаның басталуы күнтізбелік жылдың басынан емес, келісімшарттың нақты жасалған күннен бастап автоматты түрде айқындалады.

Асхат Аймағамбетовтің айтуынша, Ұлттық ғылым академиясының қызметін тежеп отырған бірқатар мәселе шешілуде. Бұл оның мүлкін қалыптастыру тәртібін нақты реттеуге, басқару тетіктерін жүйелеуге және тұрақты қаржыландыру көздерін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ғылымды қаржыландыру жүйесіндегі жауапкершілік пен мемлекеттік бақылау күшейтіледі.

Заңда ғалымдардың өз қызметін дербес жоспарлау, нәтижелерді еркін жариялау құқығын және академиялық еркіндікті бекітетін нормалар енгізілген.

Сондай-ақ «ұжымдық пайдаланылатын зертханалар» ұғымы мен мұндай зертханаларды барлық ғылым үшін қолжетімді етуге мүмкіндік беретін тиісті тетік бекітіледі. Ал дарынды балалар мен пәндік олимпиадалар бойынша ұлттық құрамалар мемлекеттік университеттердің зертханаларын тегін пайдалану құқығына ие болады.

Асхат Аймағамбетов заңның денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру және білім беру салаларын да қамтитынын айтты. Атап айтқанда, дәрілік препараттарды тіркеу мерзімі 210 күннен 100 күнге дейін айтарлықтай қысқарды, халықаралық реттеушілер мақұлдаған жаңа препараттарды тіркеудің жеделдетілген рәсімі енгізіледі. Бұдан бөлек, ұзақ уақыт бойы команда жатқан азаматтардың жақын туыстары немесе жұбайлары олардың атынан мүгедектік тобын белгілеу үшін куәландыруға өтініш бере алады. Бұл оларға тиісті жәрдемақылар мен техникалық оңалту құралдарын алуға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, Мәжілістің Аграрлық мәселелер комитеті депутаттар бастамашылық еткен селекциялық жетістіктерді қорғау туралы ілеспе түзетулері бар жаңа заң жобасын жұмысқа қабылдады.

Жалпы отырыс қорытындысы бойынша депутаттар мемлекеттік органдарға өзекті әлеуметтік және экономикалық тақырыптар бойынша 13 депутаттық сауал жолдады. Олардың барлығы Мәжілістің ресми сайтында және Telegram-арнасында жарияланды.

# БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ КӨШБАСШЫЛАР ДАЯРЛАНАДЫ



«AMANAT» партиясы жаңа жобаны іске қосты. Ол партияның кадрлық активінің функционалдық құзыреттерін дамытуға бағытталып отыр. Жоба жергілікті жерлерде кәсіби әрі тиімді басқарушы буынды қалыптастыруды көздейді. Партияның Саяси менеджмент академиясы жаңа форматта ауылдық округтердің сайланған әкімдерін, мәслихат депутаттарын және бастауыш партия ұйымдарының өкілдерін оқыту жұмысын бастады. Жаңа бағдарлама басқарушылық құзыреттерді арттыруға, көшбасшылық қасиеттерді дамытуға, стратегиялық ойлауды жетілдіруге және мемлекеттік жобалық басқаруды меңгеруге бағытталған. Оқыту жұмысы Абай облысында басталады.

Сөз басында Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов әлем қарқынды өзгеріп жатқанын, жаһандық тұрақсыздық жағдайында жаппай цифрландыру мен жасанды интеллект жаңа өмір шындығына айналғанын атап өтті.

Жаңа сын-қатерлерге лайықты жауап беру үшін Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде ауқымды реформалар жүргізілуде. Бұл қадам азаматтардың ел басқару ісіне араласуын кеңейтуде. «AMANAT» партиясы жалпыұлттық үдерістерге тікелей қатысады.

Сондықтан партияластар жаңа жағдайда алға қойылған міндеттерді лайықты әрі тиімді орындау үшін жаңа құзыреттерді белсенді түрде меңгеруі қажет.

«Біздің Президентіміз халықаралық қатынастардың мойындалған маманы, әлемдік деңгейдегі дипломат ретінде осындай прогрессивті үрдістерді жақсы біледі. Мемлекет басшысы «Алған дипломың өмір бойы азық болады» деген түсініктің ескіргенін, оның орын «Өмір бойы оқы және үйрен» деген қағида басқанын үнемі айтып жүр. Оның үстіне, жаңа Конституцияда адами капиталды дамыту, білім мен ғылым стратегиялық басымдық ретінде бекітілді. Бұл біздің басты ресурсымызға айналды. Сондықтан осы бағдарлы басшылыққа алған «AMANAT» партиясы бүгін жергілікті кадрларды оқыту бағдарламасын бастап

отыр. Олар өзіне жауапкершілік ала алатын, табанды, тиімді шешім қабылдай білетін маман болуы керек», — деді Мәжіліс Төрағасы.

Ерлан Қошанов сайланған ауыл әкімдері, мәслихат депутаттары және БПҰ өкілдері бүгінде халық сенім артатын, азаматтар өз мәселелерін шешу үшін жүгінетін нағыз өңірлік элита екенін ерекше атап өтті. Бұл ретте ауыл әкімдері мемлекеттік бағдарламаларды жүзге асырудан бастап, әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға дейінгі кенәуқымды мәселелерге жауап бере отырып, үлкен жүктеме аркалап отыр. Өз кезегінде мәслихат депутаттары мемлекет пен қоғам арасындағы өзара байланыстың негізгі буыны ретінде қарастырылады. Азаматтардың сенімі мен өңірлердегі тұрақтылық деңгейі олардың кәсіби шеберлігіне, коммуникация сапасына тікелей байланысты. Партияның күн тәртібін жүзеге асыру ісінде 3 800 БПҰ ерекше рөл атқарады. Дәл осы деңгейде қоғамдық пікір қалыптасып, халықпен кері байланыс қамтамасыз етіледі.

Партия Төрағасы жаңа оқу жобасы болашағы зор басқарушыларды анықтауға арналған платформаға айналатынын ерекше атап өтті. Бағдарлама аясында «AMANAT» партиясының кадрлық резерві қалыптасып, мемлекеттік және қоғамдық-саяси қызметте ілгерілетуге бағдарланған тиімді әрі бәсекеге қабілетті көшбасшылар даярланады.

Жаңа оқу жобасына қатысты пікір білдірген «AMANAT» партиясының Хатшысы Шолпан Карнинова жаңа оқу бағдарламасы қолданбалы тәсілімен ерекшеленетінін және заманауи ғылыми зерттеулерге сүйенетініне назар аударды.

«Саяси менеджмент академиясы ұсынып отырған жаңа білім беру бағдарламасы тәжірибелік бағытпен ерекшеленеді. Онда әріптестеріміз үшін қызмет барысында кездесетін түрлі жағдайға нақты шешім ұсынылады. Бағдарлама Назарбаев Университеті, AlmaU, SDU және БИЛ сынды жетекші жоғары оқу орындары ғалымдарының қатысуымен әзірленді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес оқыту бағдарламасының модульдік

құрылымын мақұлдады. Сондай-ақ еліміздегі жоғары оқу орындары бұл оқыту модульдерін өз бағдарламаларына енгізе алады», — деді партия Хатшысы.

Іс-шара барысында Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Төрағасы Дархан Жазықбай мемлекеттік қызмет саласының басшылық құрамын толықтыру барысында «AMANAT» партиясы мүшелерінің әлеуеті ашық әрі бәсекелі цифрлық іріктеулер арқылы белсенді пайдаланылып жатқанын атап өтті. Istanbul Kent University экономика, әкімшілік және әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы Хасрет Чомак «AMANAT» бағдарламасы нақты нәтижеге негізделгенін және саяси шешімдерді тұрғындардың тұрмысын жақсартуға бағыттайтын көшбасшыларды даярлауды көздейтінін айтты. Абай облысының әкімі Берік Уәли жаңа модульдік бағдарлама ауыл әкімдерінің заңнаманы іс жүзінде қолдану дағдысын қалыптастыруға бағытталатынын, олар бюджеттік ресурстарды тиімді басқаруды — бюджеттік вертикалды түсініуден бастап, өз кіріс базасын дамытуды, салық түсімдерін арттыруды және аумақтардың экономикалық өсімін ынталандыруды меңгеретінін атап өтті.

Сондай-ақ іс-шарада Ғылым және жоғары білім вице-министрі Гүлзат Көбенова, Назарбаев Университеті Жоғары мемлекеттік саясат мектебінің профессоры, италиялық саяси технолог Рикардо Пелиццо, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының төрағасы Айзада Рахметова және «Жетіген» БПҰ төрағасы, Алатау қаласы Жетіген шағын ауданындағы №11 орта мектептің музыка пәні мұғалімі Анастасия Мельник, Атырау университетінің ректоры Саламат Идрисов, Шығыс Қазақстан университетінің ректоры Мұхтар Төлеген және Торайғыров университетінің ректоры Нұрлан Медетов сөз сөйледі.

Жаңа оқу бағдарламасының басталуына мемлекеттік органдар мен академиялық қауымдастық өкілдері, сондай-ақ бейнеконференция байланысы арқылы партияның өңірлік филиалдарының қызметкерлері қатысты.

## «ҒЫЛЫМ TALKS»: ОТАНДЫҚ ЗИЯТКЕРЛІК ОРТАНЫ ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН АЛАҢ



«AMANAT» партиясының Хатшысы Шолпан Карниованың Павлодар облысына жұмыс сапары аясында «Әйелдің білімі — болашақ ғылымның негізі» тақырыбында ғылыми-сараптамалық конференция өтті. Партия филиалының өңірлік Әйелдер қанаты ұйымдастырған іргелі іс-шара «Ғылым Talks» кейс-платформасы форматында өткізілді. Кездесу барысында өңірдегі жетекші әйел-ғалымдар бас қосып, кәсіби диалог құруға, тәжірибе алмасуға және отандық зияткерлік ортаны дамытуға, тиімді шешімдер іздеуге бағытталған беделді алаңға айналды.

Конференция жұмысын ашқан «AMANAT» партиясының Хатшысы Шолпан Карниова ғылым саласына жүйелі мемлекеттік қолдау көрсетудің маңызын атап өтіп, ашық ақпарат көздерінде жарияланып, халық тарапынан қызу қолдау тауып жатқан кейбір ғылыми зерттеулерге тоқталды. Сонымен қатар ол партиялас депутаттардың ғылымға қатысты заңнаманы жетілдіру мәселелеріне назар аударды. Жиналған ғылым саласы қызметкерлеріне Әйелдер қанаты жүзеге асырып жатқан жобалар және олардың әсері жайлы мағлұмат берді. Оның айтуынша, бүгінде цифрлық құзырет аясын кеңейту және әйелдердің академиялық ортада өзін танытуына қажет жаңа мүмкіндіктерге жол ашу — аса маңызды.

«AMANAT» партиясы ғылымды дамытуға, цифрлық құзыреттерді арттыруға және зерттеу ортасында әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған бастамаларға жүйелі түрде қолдау көрсетіп келеді, — деді партия Хатшысы.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы жанындағы «Ғылымдағы әйелдер» бағытының тең төрағасы Вера Ким отандық ғалымдардың кейбір ғылыми жетістіктеріне, заңнамада ғылымды қолдауға бағытталған бастамаларға тоқталды. Кездесудің негізгі идеясы — ғылыми әлеуетті біріктіру және көшбасшылық құ-

зыреттерді дамыту. Сарапшылар цифрландыру мен ғылымның жаһандық трансформациясы жағдайындағы заманауи сын-қатерлерге жедел жауап бере алатын тұрақты зерттеушілер қауымдастығын қалыптастыру мәселесіне баса назар аударды.

Өз кезегінде Мәжіліс депутаты Вера Ким жас кадрларға институционалдық қолдау көрсету мен тәлімгерлік студия маңызын ерекше атап өтті.

— Бүгінде ғылымдағы әйелдер — тек жоғары кәсіби шеберлер ғана емес, сонымен қатар ел дамуының қуатты ресурсы. Біздің міндетіміз — зерттеуші қыз-келіншектер өздерінің жарқын болашағына сеніммен қарай алатын, академиялық мансап құра алатын тұрақты қолдау қоюжүйесін қалыптастыру, — деді Вера Ким.

Конференция барысында Павлодар облысы әкімінің орынбасары Айгүл Маликова қыз-келіншектер тек ғылымда ғана емес, мемлекеттік басқару жүйесінде де өздерін танытып отырғанын атап өтті.

— Әйелдер тек ғылым саласында ғана емес, сонымен қатар стратегиялық шешімдер қабылдайтын, әлеуметтік және білім беру күн тәртібін қалыптастыратын, өңірлер мен тұтас мемлекеттің дамуына үлес қосатын мемлекеттік қызметте де барған сайын маңызды рөл атқарады. Әйелдер көшбасшылығын

қолдау — қоғамның тұрақты болашағына салынған инвестиция, — деді Айгүл Маликова.

Конференцияның сарапшылар блогы жаһандық өзгерістер жағдайында мемлекеттілікті нығайту мәселесінен бастап, ғылыми дипломатия мен халықаралық әріптестікті дамытуға дейінгі кенәуқымды өзекті бағыттарды қамтыды. Қатысушылар ғылыми саланы цифрлық трансформациялау қаламдарын, білім беру мен денсаулық сақтау жүйелеріне жасанды интеллектті енгізу перспективаларын, сондай-ақ жас кадрлардың академиялық бағыт-бағдарын қалыптастыру мәселелерін жан-жақты талқылады. Сонымен қатар гуманитарлық зерттеулердің болашағына және әйелдердің инженерлік әрі STEM бағыттарға кеңінен араласуына ерекше назар аударылды.

Margulan University, Инновациялық Еуразия университеті, Торайғыров университеті, Семей медициналық университеті және Екібастұз инженерлік-техникалық институты сарапшылары қазіргі сын-қатерлерге терен талдау жүргізілген мазмұнды баяндамалар жасады. Спикерлер қатарында Margulan University профессоры Айгүл Салықова, Инновациялық Еуразия университетінің экономика ғылымдарының докторы, профессоры Айна Нарынбаева, Margulan University филология ғылымдарының докторы, профессоры Зифа Темірғазина, сондай-ақ Торайғыров университетінің Басқарма мүшесі — стратегиялық даму, халықаралық ынтымақтастық және цифрландыру жөніндегі проректоры, PhD докторы, қауымдастырылған профессор Салтанат Аубакирова және академиялық қауымдастықтың өзге де өкілдері болды. Кәсіби қауымдастық отандық ғылымды әлемдік зерттеу кеңістігіне интеграциялау және білім беру ортасын жедел цифрландыру мәселелерін назарға алды.

Сарапшылар жас зерттеуші қыз-келіншектерге қолдау көрсетудің тиімді тетіктерін әзірлеу және академиялық ортада мансап жолымен жоғарылау мүмкіндіктерін қалыптастыру қажет екенін ерекше атап өтті.

Қатысушылар мұндай диалог платформалары тек пікір алмасу алаңы ғана емес, сонымен қатар әйелдердің ғылыми қауымдастығын ұйыстырудың және заман талабына сай инновацияларды ілгерілетудің қуатты құралына айналғанын атап өтті.

Бағдарламаның тәжірибелік жалғасы — Margulan University қабырғасында өткен Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляеваның «Цифрлық ортадағы адам құқығы» тақырыбындағы дәрісі. Бұл баяндама студенттер мен оқытушылардың қызығушылығын оятып, жаппай цифрландыру жағдайындағы құқықтық аспектілерді талқылаудың маңызды кезеңіне айналды.

Шығыс Қазақстан облысында «AMANAT» партиясының «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасы аясында соңғы үш жылда 21 ірі инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 56,4 мың жұмыс орны құрылды.



## ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НАҚТЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Өңірде 10 жаңа мектеп салынды, 38 медициналық нысан пайдалануға берілді, 1,1 млн шаршы метр тұрғын үй тапсырылып, 9,5 мыңнан астам отбасы баспаналы болды. Сонымен қатар 1 300 шақырымнан астам жол жөнделіп, елді мекендер толықтай таза ауызсумен қамтамасыз етілді.

Жастарды қолдау бағытында 10 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылып, мыңдаған азамат кәсіпкерлікті дамытуға қаржылай қолдау алды. Бұл — партия бағдарламасының өңірде нақты іске асып жатқанын көрсететін негізгі көрсеткіштер.

Аталған нәтижелер Өскеменде өткен «AMANAT» партиясы Шығыс Қазақстан облыстық филиалының кезектен тыс XXXVI конференциясында жан-жақты қаралды. Жиында сайлауалды бағдарламаның орындалу барысы ғана емес, оны жүзеге асырудағы жүйелі мәселелер мен тәуекелдер де талқыланды.

Атап айтқанда, бірқатар инвестициялық жобаның кешеуілдеуі, әлеуметтік нысандар құрылысы мерзімінің ауысуы және қаржылық шектеулерге байланысты кей бастамалардың кейінге қалуы сөз болды. Бұл мәселелер партия бақылауында болыны бекітілді.

Конференция жұмысына партия Хатшысы Ержан Жылқыбаев, облыстық филиалдың Саяси кеңес, Бюро мүшелері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кеңесі мен бақылау комиссияларының төрағалары, мәслихат депутаттары, қоғамдық ұйым өкілдері, сондай-ақ аудан, қалаларынан сайланған 175 делегат қатысты.

Ержан Жылқыбаев өз сөзінде Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы партия жұмысының өзегіне айналуға тиіс екенін атап өтті. Бұл дегеніміз — әр азаматтың мәселесі назардан тыс қалмауы керек. Ал партия сол мәселені нақты шешетін институт ретінде жұмыс істеуі қажет.

Жиында қарастырылған негізгі тақырыптың бірі — облыстық филиал төрағасын сайлау. Делегаттардың бірауыздан қолдауымен бұл қызметке Жанат Мекеева сайланды.

Өз сөзінде жаңа төраға филиал жұмысының негізгі басымдықтарын нақты белгіледі: қоғамдық қабылдаулардың тиімділігін арттыру, бастауыш ұйымдар жұмысын күшейту, партиялық жобаларды жүйелі дамыту және депутаттық корпуспен өзара іс-қимылды жандандыру.

— «AMANAT» — нақты істер партиясы. Өрбір бастама нақты нәтижемен дәлелденуге тиіс, — деді ол.

Конференция барысында Саяси кеңестің жаңа құрамы да бекітіліп, оның 55%-ы жаңартылды. Құрама барлық аудан, қала өкілдері кіріп, әйелдер үлесі 36%-ды құрады. Сондай-ақ бақылау-тексеру комиссиясы қайта жасакталып, партия ішіндегі ашықтық пен есептілік тетіктері күшейтілді.

Бұл — партияның ішкі трансформациясының жалғасы. Өңірдің барлық аумағын қамтыған жаңа құрам, әйелдер үлесінің артуы — шешім қабылдау жүйесінің кеңейіп жатқанын көрсетеді.

16 СӘУІР 2026 | БЕЙСЕНБІ

# ШАҒАРДЫҢ МӘДЕНИ КЕҢІСТІГІ КӨРКЕЙЕДІ



## А Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

Арбат жаяу жүргіншілер аллеясында калалық мәдениет, гастрономия және креативті индустрия жобалары таныстырылды. Осы орайда министр аталған

аумақта бос жұмыс орындары туралы өзекті ақпарат пен жастарға арналған маусымдық кәсіптік бағдар беру материалдарын ұсынатын жұмыспен қамту орталығын орналастыру мүмкіндігін қарастыруды ұсынды. Жалпы, сапар барысында креативті ортаны дамыту, жас таланттарды қолдау және мәдени мұра мен инновациялық тәсілдер үйлескен заманауи калалық

инфрақұрылымды қалыптастыру мәселелеріне басымдық берілді.

Сонымен қатар Шымкентте Қасым-Жомарт Тоқаев тапсырмасына сәйкес Мәдениет және өнер университетін құру мәселелері талқыланды. Кеңес жұмысына Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков, Мәдениет және ақпарат министрлігінің, жергілікті атқарушы

орғандардың, мердігер ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің басшылығы қатысты.

Жиын барысында Аида Балаева қатысушылардың ауқымды жобаны іске асыру барысы жөніндегі баяндамаларын тыңдады. Жана жоғары оқу орны М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің Мәдениет және өнер факультетінің базасында құрылады. Жоспарға сәйкес оқу орнында 6 факультет, 17 кафедра және бакалавриат, магистратура мен докторантура бойынша 46 білім беру бағдарламасы жұмыс істейтін болады.

Негізгі басымдық кино және телевидение, анимация, медиа-менеджмент, цифрлық дизайн, сценография және өзге де бағыттар бойынша техникалық кадрлар даярлауға беріледі. Сонымен қатар Қазақстанда алғаш рет цирк өнері саласы бойынша жоғары білімді мамандар даярлау жоспарлануы отыр. Сондай-ақ реставраторлар даярлау да жана бағыттардың бірі болмақ. Кездесуде Шымкент қаласында жаңа Опера және балет театрының салу мәселесі де қаралды. Бұл нысан бойынша қала әкімдігі жалпы аумағы 2,8 гектарды құрайтын жер учаскесін белгілеп қойған. Жобаға сәйкес театрдың көрермен залы

1 500 орынға лайықталып салынады. Қазіргі уақытта қалала 1984 жылы салынған, 330 көрерменге арналған Опера және балет театры жұмыс істеп тұр.

Осы күні Шымкентте музыкалық білім беру саласының ұстаздарына Президент атынан мемлекеттік наградалар табысталды. Салтанатты рәсімде Аида Балаева өнер педагогтарының ұлттық құндылықтарды сақтау мен насихаттаудағы, сондай-ақ жас ұрпақтың шығармашылық қабілетін дамытудағы еңбегін ерекше атап өтті.

«Күй күмбірі» республикалық акциясын ұйымдастыруға және өткізуге қосқан үлесі үшін бірқатар ұстаз марапатталды. Атап айтқанда, «Күрмет» ордені Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясының музыка пәні мұғалімі Гүлфайруз Елжановаға табысталды. №46 мектеп-лицейдің мұғалімі Еркежан Назарова «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградталса, №58 жалпы орта білім беретін мектептің мұғалімі Гүлзира Даржанова «Алғыс» грамотасына ие болды.

Осылайша, бір жағынан, өңірде мәдени инфрақұрылымды дамытуға бағытталған стратегиялық жобалар қолға алынса, екінші жағынан, сала мамандарының еңбегі жоғары деңгейде бағаланып отыр.

# ПСИХОЛОГТАР ТУРАЛЫ ЗАҢ: САПАЛЫ МАМАН – СЕНІМНІҢ ҚАЙНАРЫ

Кейінгі уақытта қоғамда қызу талқыланып жатқан тақырыптың бірі – психологтардың қызметін реттейтін жаңа заң жобасы. Бұл жоба өткен аптада Мәжіліс қабырғасында бірінші оқылымда мақұлданды. Енді екінші оқылымда мақұлданды, жаңа заңның төбесі көрінетін күн де алыс емес. Иә, психологтар туралы заң жобасы дәл уақытында күн тәртібіне шықты. Өйткені бүгінде әлеуметтік желілерде өзін «психолог», «коуч», «психосоматолог» деп таныстыратын мамандардың саны күрт артты. Бұл орайда көпшілікте олардың барлығы кәсіби білім мен бейінді дипломға ие ме, қызметі үшін жауапкершілік ала ма деген заңды сауалдар бар екені де рас. Жоғарыдағы заң жобасының негізгі өзегі де осы сұрақтардан бастау алады.

## А Айгүл СЕЙІЛ

Мәжіліс қабырғасында депутат Асхат Аймағамбетов психологиялық қызметтің бүгінгі ахуалын нақты мысалдармен түсіндірді. Оның айтуынша, көшеде тамақ сату үшін де санитарлық талаптар қажет, ал адамның жан дүниесімен жұмыс істеу үшін ешқандай талаптың болмауы – үлкен қайшылық. Шынында да, бұл салыстыру қоғамдағы жүйесіздікті дәл көрсетеді. Егер сапасыз тамақ адам денсаулығына зиян келтірсе, кәсіби емес психологиялық көмек адамның тағдырына тікелей әсер етуі мүмкін.

Депутат заң жобасының басты мақсаты осы ретсіздікті жүйеге келтіру екенін атап өтті. Яғни, психологтардың бірінғай реестрі жасалып, олардың білімі мен кәсіби мәртебесіне нақты талаптар қойылады. Сонымен қатар психолог пен психиатр арасындағы шекара да заң жүзінде айқындалмақ. Бұл – психологиялық көмектің мәртебесін арттыруға бағытталған маңызды қадам.

Қош, занның психологиялық қызметтер нарығына қалай ықпал ететінін Қазақ Expert Club сарапшысы, дипломды психолог Жадыра Сабирова түсіндірді. Оның айтуынша, соңғы жылдардағы негізгі мәселе – мамандықтар арасындағы шекаралардың көмескіленуі. Көп жағдайда адамдар кімге жүгініп отырғанын нақты түсінбейді: арнайы білімі бар маманға ма, әлде кәсіби дайындығы жоқ, бірақ әлеуметтік желіде белсенді тұлғаға ма?


Жадыра Сабирова, сондай-ақ коуч, психолог және психотерапевт арасындағы айырмашылық тек тәсілдерде емес, адамның жағдайына қатысты жауапкершілік деңгейінде екенін атап өтеді.

«Коуч мақсат қоюға, дамуға және нәтижеге жетуге бағыттайды. Психолог эмоциялармен, мінез-құлықпен және ішкі қайшылықтармен жұмыс істейді. Ал психотерапевт терең психикалық күйлер мен бұзылыстарды ғылыми негізделген әдістер арқылы емдеумен айналысады және әдетте, қосымша клиникалық дайындықтан өтеді. Бұл – кәсіби жауапкершіліктің әртүрлі деңгейлері. Егер осы рөлдер араласып кетсе, адамның қажетті көмекті ала алмай қауіп артады», – дейді психолог.

Кәсіби стандарттарды енгізу, мамандардың тізілімін жасау және білімге қойылатын талаптарды күшейту – ең алдымен, клиентті қорғауға бағытталған қадам. Бұрын таңдау көбіне ұсынысқа немесе жеке сенімге негізделсе, енді кәсіби талаптарға сәйкестік маңызды бағдарға айналады.

Халықаралық тәжірибеде мұндай жүйелер бұрыннан бар. Психотерапия көбіне денсаулық сақтау жүйесінің бір бөлігі ретінде реттеледі, онда міндетті білім, тәжірибе және лицензиялау талап етіледі. Коучинг салыстырмалы түрде икемді сала болып қала береді, бірақ онда да өз стандарттары мен сертификаттау жүйелері бар. Ұзақмерзімді перспективада мұндай өзгерістер нарықтың сапалық тұрғыда дамуына ықпал етеді.

«Психологиялық көмек бейресми қызмет ретінде қабылданбай, кәсіби біліктілік,



жауапкершілік және нақты шекаралар маңызды болатын салаға айналады», – дейді Жадыра Сабирова.

Ал Қазақстан психологтар одағының төрайымы Гүлзат Асанованың бұл заң жобасына өзіндік көзқарасы бар. Оның айтуынша, «жалған психологтар көбейді» деген уәж айтылғанымен, бұл мәселені нақты дәлелдейтін статистика немесе зерттеу жоқ. Яғни, заң белгілі бір қоғамдық пікірге сүйеніп әзірленіп отырғандай әсер қалдырады.

Одан бөлек, ол диплом мәселесіне тоқталды. Бүгінде түрлі қысқарған диплом құрамы арқылы «диплом» алу оңайлаған. Бірақ мұндай құжаттар маманның кәсіби деңгейін толық көрсете ала ма? Бұл да өткір мәселенің бірі. Себебі нағыз психолог болу тек теориялық біліммен шектелмейді. Мысалы, гештальт-терапия немесе когнитивті мінез-құлық терапиясы сияқты бағыттарда жұмыс істеу үшін дипломнан бөлек, бірнеше жылдық қосымша дайындық, жеке терапия, супервизия қажет. Бұл – халықаралық стандарттарға сай қалыптасқан жүйе.

Гүлзат Асанова кәсіби қауымдастықтарда бұл механизмдер бұрыннан бар екенін атап өтті. Этикалық комитеттер жұмыс істейді, шағымдар қаралады, қажет болған жағдайда мамандарға шектеу қойылады немесе сертификаты қайтарып алынады. Яғни,

сала өзін-өзі реттеу тетіктерін қалыптастырып қойған. Сондықтан оны толықтай мемлекеттік бақылауға өткізу тиімді ме, әлде керісінше кәсіби қауымдастықтарды күшейту керек пе – бұл да талқылауды қажет ететін мәселе.

Заң жобасына қатысты тағы бір маңызды мәселе – қазіргі сертификаттардың тағдыры. Көп жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан мамандар мен институттардың еңбегі қалай бағаланады? Егер жана талаптар енгізілсе, олар қайтадан лицензия алуы керек пе? Бұл мәселе әзірге толық айқын емес.

Сонымен қатар заңда психологтардың міндеттері нақты көрсетілгенімен, олардың құқықтары жеткілікті деңгейде қамтылмағаны байқалады. Мысалы, клиенттен жазбаша келісім алу, құпиялылықты сақтау, өз біліктілігін ашық көрсету сияқты талаптар бар. Бірақ мамандарды қорғайтын құқықтық механизмдер әлсіз. Бұл теңсіздік кәсіби ортада алаңдаушылық туғызды.

Кәсіби мамандардың сөзінен байқағанымыз, жана заң тек реттеу құралы ғана болып қоймай, сонымен бірге бірқатар жана проблемаларды да туындатуы мүмкін. Яғни, заңда негізгі талап ретінде диплом мен ресми тіркеу қарастырылса, бұл кәсібиліктің шынайы өлшемін көрсетпей қалуы мүмкін. Формалды түрде дипломы бар, бірақ тәжірибесі мен дағдылары жеткіліксіз мамандар заңды түрде қызмет

көрсете бастайды. Ал бірнеше жыл бойы халықаралық стандарттар бойынша оқып, тәжірибе жинаған мамандардың еңбегі ескерусіз қалуы ықтимал.

Бүгінде көптеген психологтар кәсіби қауымдастықтарға мүше болып, сол арқылы өз біліктілігін дәлелдейді. Бұл ұйымдарда ішкі бақылау, этикалық нормалар, супервизия жүйесі бар. Егер заң барлық реттеуді мемлекеттік деңгейге өткізіп жіберсе, осы қалыптасқан жүйе әлсіреуі мүмкін. Ал бұл өз кезегінде сапаның төмендеуіне әкеледі.

Лицензиялау жүйесі енгізілсе, ол белгілі бір деңгейде тәртіп орнатады. Бірақ артық бюрократия да туындайды. Құжат жинау, тексерістерден өту, тіркеу рәсімдері – мұның бәрі мамандарға қосымша жүк болады. Әсіресе, жас мамандар үшін бұл салаға кіруді қиындатып жібермек.

Психологтардың шығындары артқан сайын, қызмет бағасы да өседі. Бұл – нарықтың заңдылығы. Ал бағаның өсуі халықтың бір бөлігін психологиялық көмектен шеттетіп жіберетіні сөзсіз. Қазірдің өзінде көптеген адам үшін психолог қызметі қолжетімсіз саналады.

Қазақстанда психология ғылымы мен практикалық қызметтің арасында байланыс әлсіз екені де жиі айтылады. Заң тек формалды талаптармен шектелсе, бұл мәселе шешілмейді. Керісінше, ғылыми-зерттеулер мен нақты практика арасындағы алшақтық сақталып қала береді.

Соған қарамастан, бұл заңның оң әсері де болатынын жоққа шығаруға болмайды. Ең алдымен, ол психологиялық қызметті ресми түрде мойындатып, оның мәртебесін арттырады. Бірінғай реестрдің пайда болуы халыққа мамандар туралы ашық ақпарат алуға мүмкіндік береді. Бұл – сенім қалыптастырудағы маңызды фактор. Сонымен қатар базалық талаптардың енгізілуі кәсіби деңгейі мүлде төмен «мамандардың» санын азайтуы мүмкін. Яғни, заң ең кем дегенде сүзгі қызметін атқарады.

Сөз соңында айтармыз, психологтар туралы заң – қажет бастама. Бірақ оның тиімділігі көптеген факторға байланысты. Ең бастысы, заң формалдылыққа емес, нақты сапаға жұмыс істеуге тиіс. Бұл үшін мемлекеттік реттеу мен кәсіби қауымдастықтардың тәжірибесін үйлестіру, білім сапасын қатаң бақылау және үздіксіз кәсіби дамуы талап ету маңызды. Егер осы тереңдік сақталса, заң қоғамға пайдалы құралға айналады. Ал егер тек қағаз жүзіндегі талаптармен шектелсе, онда ол жана проблемалардың бастауы болуы да мүмкін.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**Сатып алуды ұйымдастырушы:** Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (бұдан әрі – Университет).

**Мекенжайы:** Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан.

**Байланыс телефоны:** +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62

**Сатып алу әдісі:** Университеттің «Сатып алу және сату» регламентінің 23-бабы, f) тармақшасы негізінде ашық конкурс тәсілімен университеттің Жаратылыстану ғылымдары, нанотехнологиялар және жана материалдар ғылыми-зерттеу жүргізіліп жатқан ғылыми-зерттеу жұмыстарын тиімді, сапалы және заманауи талаптарға сәйкес орындауға қажетті материалдарды қосымшаға сәйкес сатып алу.

**Сатып алудың нысаны болып табылатын тауарларды жеткізу мерзімі:** Тараптар келісім шартқа қол қойған күннен бастап күнтізбелік 45 күн мерзімі.

**Сатып алуға қатысу шарттары:** Сатып алуға қатысушылар Университет Регламентінің 10-бабына сай баға ұсынғандармен бірге төмендегі құжаттарды ұсыну қажет.

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы (құжаттары);

2. Әлеуетті өнім берушінің бухгалтерлік балансы немесе оның талап етілген бөлімдері, егер жоқ болса, оған теңестірілген өзге де құжаттары;

3. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық көлемін растайтын жалпы табысы туралы анықтамасы немесе сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты орындау саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;

4. Әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік немесе жеке секторда шарт негізінде осы немесе осыған ұқсас жұмыстарды атқарғанын растайтын құжаттары, атап айтқанда соңғы бес жыл ішінде тауарларды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (жұмыстың орындалу мерзімі мен көлемі әкімшілік өзіндік ерекшелікте көрсетілгені жөн);

5. Әлеуетті өнім берушінің ұйымдық құрылымы толық көрсетілген және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін тиісті біліктілікке ие қызметкерлерінің және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын тауарларды жеткізу саласындағы орындалушы (басқарушы) қызметкерлерінің құрамы мен техникалық қызметкерлерінің кәсіби білімі мен біліктілігін растайтын құжаттары;

6. Өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстарының бар екендігін растайтын құжаттары;

7. Өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын тауардың конкурстық құжаттамала көрсетілген стандарттарға сәйкестігін растайтын, халықаралық ережелерге сай аккредиттелген сапаны тексеру ұйымдары тарапынан берілген ISO сертификаттары және тауарды өндіруші ұйымның ресми дилері екендігін нақтылайтын құжаттары және Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында уәкілетті органдар қолдануға рұқсат етілген құжаттары;

8. Басшылық талап еткен жағдайда тауарлардың сапа сәйкестігін растау үшін олардың үлгілері, каталогтары және/немесе суреттері. (Женімпаз болып табылған жеткізуші жеткізілетін тауарлардың үлгісін тапсырыс берушімен келісуі қажет.)

9. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5%-ы мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі қажет;

**Тапсырыс беруші:** «Кожа Ахмет Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В, БСН 990440008043, HSBK-KZKX KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Сатып алынатын тауарлардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz> сайтының хабарландыру парақшасынан және/немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан К.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203-кабинеттен алуға болады.

**Комиссия отырысы болатын күні және уақыты:** 23.04.2026 ж. (12:00), 201-кабинет.

**Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:** Сатып алуға қатысуға баға ұсынғандары арнайы конвертке салынып, тізімделіп, парақшалар баулап, нөмірленген түрде мөр басылған, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан К.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 214-кабинетте қабылданады.

# ТЕРЕҢДЕГІ ТІРЕК

(Басы 1-бетте)

**А** Айхан ШӘРІП

Нақты іске ұласқалы тұрған бұл бас-тама – Қазақстанның экологиялық мәселе-лердегі көшбасшылық жауапкершілігінің көрінісі. Бұл алкалы жиынның өзегі ретінде өзге экологиялық проблемалар сыртғында, манызды қор саналатын жерасты суларын ұтымды игеру мәселесі қауалады деп күтіледі. Климаттың жаһандық жылынуы, трансшекаралық өзгерістерге тәуелділік және су қорларының жедел азаюы жағдайында Қазақстан үшін су мәселесі ұлттық қауіпсіздіктің басты факторына айналып отыр. Жер астындағы жасырын дариялар сыртқы факторларға тәуелділікті азайтатын, ең қиын-қыстау кезеңде елге демеу болар стратегиялық резерв.

Бұл мәселеге кейінгі Жолдауында Мемлекет басшысы да баса назар аударды. Ол судың стратегиялық маңызы бар ресурс екеніне, сусыз өмір жоғына назар аударды. Сондықтан бұл сала ұлттық цифрлық жаңғырту жұмысындағы басты бағыттың бірі болуға тиіс.

– Су ресурстарының бірыңғай цифрлық платформасын жасау керек. Платформада жасанды интеллект негізінде жерүсті және жерасты сулары туралы мәлімет жинақталады. Жоба іске қосылған-да гидрогеология мониторингі, яғни бақылау жұмысына қатысты мәселе толық шешімін табады. Осы жұмыс Ұлттық су теңгерімін қалыптастыру ісімен қатар жүргізілуге тиіс. Бұл – ұзақ мерзімге арналған су саясатын жоспарлаудың аса маңызды тәсілі. Осы бұл салаға тиісті бақылау орнатып, инвестиция тарту мүмкін емес, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Су ресурстары және ирригация министрлігі Президенттің бұл тапсырмасы орындалғанын мәлімдеді. Оның дерегіне жүгінсек, «Су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесі» (СРҰАЖ) әзірге пилоттық режимде жұмыс істеп тұр: 12 модулінің 8-і іске қосылды. 11 мемлекеттік дерек-қормен кіріктірілді. Жүйеге 2 430 ұйым қосылған, 3 500-ден аса белсенді пайдаланушы тіркелген. Жүйе қатысушыларын басқару бір орталықтан жүзеге асырылады.

«СРҰАЖ су шаруашылығы инфра-құрылымы мен ресурстары бойынша біртұтас цифрлық деректер базасын қалыптастырады. Атап айтқанда, нысандарды цифрлық паспорттау, жерасты суын есепке алу, су объектілерінің жай-күйі үшін жауапкершіліктің ашық жүйесі құрылады. Картографиялық модуль не-



гізінде су нысандарының цифрлық деректер базасы жасалып, жүйеге 17 307 өзен, 3 148 көл және 1009 гидротехникалық құрылыс енгізілді», – деп хабарлады министрлік.

## БҰЛАҚ КӨРСЕҢ ТІЗІМГЕ АЛ

Жалпы, Ұлттық гидрогеологиялық қызмет жыл басында жерүсті және жерасты суы туралы барлық мәліметті қамтитын бірыңғай ақпараттық жүйені «Water Base» деген атпен құрған болатын. ҰГК оны орнату және пилоттық режимде іске қосу жұмыстарын аяқтады. Ары қарай жүйені жергілікті жағдайға бейімдеу және оны Су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесімен интеграциялау жұмыстары жүргізіледі.

Су ресурстары және ирригация вице-министрі Талғат Момышевтің түсіндіруінше, жүйе жерасты суының жағдайын бақылауға, су ресурстарының тізімін қалыптастыруға, карталар арқылы көрнекі түрде көрсетуге, талдамалық ақпарат дайындауға, қашықтағы көздерден, соның ішінде бақылау датчиктерінен жедел мәлімет алуға, сондай-ақ басқа ұйымдармен және ведомствоға қарайтын мекемелермен ақпарат алмасуға мүмкіндік береді.

Оның айтуынша, бұл істе шетелдік әріптестер көмекке келіп отыр. Германияның халықаралық ынтымақтастық қоғамының (GIZ) қолдауымен Ұлттық гидрогеологиялық қызметтің Ахуалдық-талдамалық орталығын заманауи құрал-жабдықтармен жабдықтау жобасы қатар жүзеге асырылып жатыр.

Қазақстандағы ірі өзен-дариялардың бәрі дерлік өзге елдерден – Өзбекстаннан, Қырғызстаннан, Қытайдан және Ресейден бастау алады. Бұл елдер, әсіресе КХР көбірек электр қуатын алу үшін өзен бастауын белсенді түрде бөгендермен буып жатыр. Салдарынан, төменге қарай жіберілетін су көлемі жыл сайын азайып келеді. Бұған қоса, кейінгі жылдары өзендердің басты бір қоректендіруші қайнары – Орталық Азия елдеріндегі мұздықтар қарқынды түрде еріп, кеміп барады. Мұның бәрі, БҰҰ болжамына, аймақта, әсіресе төменде отырған Қазақстанда судың алапатап тапшылығын туғызуы мүмкін.

Сарапшылар болашақта Қазақстанға өзінің жергілікті су ресурстарына сүйеніп, соған қанағат етуіне тура келуі ықтималдылығын да жоққа шығармайды. Сол себепті, биыл Үкімет оңтүстік өңірлердегі біраз ауданда күршіс етуге тыйым салды. Мақтаны тек су үнемдегіш технологияны қолданатын кәсіпорындардың өсіруіне рұқсат етілді. Суды көбірек талап ететіндіктен, бидай өсірілетін егіс алқаптары да қарқынды қысқартылып жатыр.

Осы орайда «Қазгидрогеология» ұлттық гидрогеологиялық қызметі жүзеге асырылып жатыр. Яғни, бұл аумақтарда жерасты суларын өндіру жөніндегі бұл қызмет бүгінде ел аумағындағы барлық бұлақты түгендеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Алдын ала деректерге сәйкес, бүгінде 711 әлеуетті бұлақ анықталды.

Сонымен қатар қор және архив материалдары негізінде ел аумағындағы 2 772 бұлақты қамтитын карта жасалған. Олар-

дың көзін ашу қажет. Салаға жауапты мамандар бұл бұлақтардың «су ресурстары тапшылығы жағдайында қосымша су көзі ретінде қарастырылатынын» мәлімдеді.

«Қазгидрогеология» ұлттық гидрогеологиялық қызметінің басқарма төрағасы Болат Бекнияздың айтуынша, бұлақ сулары ауызсумен, техникалық сумен жабдықтау, мал мен егін суару және өзге де шаруашылық мақсаттарға қолданылады. Қазіргі уақытта республикада жерасты суының 4 803 кен орны барланған. Мемлекеттік баланс деректеріне сәйкес, жерасты суының тәуелділік пайдалануға болатын қоры 43,2 млн текше метр. Алайда қазір оның тек шамамен 1,5 млн текше метрі пайдаланылып отыр, бұл жалпы көлемнің 3,6%-ы. Барланған қор құрылымында 21,2 млн текше метр ауызсу мен тұрмыстық қажеттілікке, 2,4 млн текше метр өндірістік-техникалық мақсаттарға, 19,6 млн текше метр суармалы егіншілікке бағытталады.

– Бізде жерасты суына арналған мемлекеттік мониторинг желісі жұмыс істейді, оған шамамен 4 мыңға жуық бақылау ұңғымасы кіреді. Олар су деңгейін, температурасын және сапасын бақылауға мүмкіндік береді. Гидрогеология саласын цифрландыру мақсатында мониторингтік және пайдалану ұңғымаларын Су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесіне енгізу жұмыстары жүргізіліп жатыр, – деді Болат Бекнияз.

Жалпы алғанда, қазір Қазақстанның 5 өңірінде жерасты суының жана көздерін іздеу қолға алынып жатыр. Су ресурстары министрлігі 2027 жылға дейін Ақмола, БҚО, Костанай, Жетісу мен Ұлытау облыстарында жерасты суының жана көздерін анықтау бойынша кешенді іздеу-барлау жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отыр. Бұл шаралар жерасты су қорының ресурстық базасын кеңейтуге және елді мекендерді, ауыл шаруашылығын және экономиканың өзге де салаларын қосымша сумен қамтамасыз етуге бағытталған.

Сонымен қатар 2026 жылы жерасты су кен орындарын барлауға арналған 28 жана жоба әзірленбек. Оның ішінде 9 жоба Жамбыл облысында, 3 жоба Ақмола облысында, 4 жобадан Батыс Қазақстан және Түркістан облыстарында, Маңғыстау мен Атырау облыстарында екі жобадан және бір жобадан Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қызылорда мен Ұлытау облыстарында жүзеге асырылады.

– Су ресурстарының тапшылығы артып, климаттық өзгерістер күшейіп жатқан жағдайда жерасты суының әлеуетін дамыту – тұрақты су пайдалануды қамтамасыз етудің негізгі бағыттарының бірі. Жерасты су қорының әлеуеті жоғары болғанымен, оның едәуір бөлігі әлі толық зерттелмеген. Осыған байланысты Су ресурстары министрлігі жерасты суын кешенді пайдалану тұжырымдамасын

әзірлеуді бастады. Бұл құжат жерасты су ресурстарын басқарудың заманауи жүйесін қалыптастыруға бағытталған, – деді вице-министр Т. Момышев.

## РЕЗЕРВ ҚАУІП КӨЗІНЕ АЙНАЛМАСЫН

Сенатор Жанболат Жөргенбаевтың байламынша, жер астында тұтас дария жатыр: ресми деректерге сәйкес, елдегі жерасты суларының бекітілген эксплуатациялық қорлары тәуеліне шамамен 43,1-43,2 млн текше метрді құрайды және олар табиғи жолмен қайта толып отырады. «Алайда іс жүзінде осы көлемнің небәрі 3-4%-ы ғана пайдаланылады. Бұл жерасты су ресурстарының елеулі бөлігінің экономикалық айналымнан тыс қалып отырғанын және оларды басқару жүйесінің жеткіліксіздігін көрсетеді. Ел бойынша шаруашылық ауызсу қажеттілігінің шамамен 40%-ы жерасты сулары есебінен, ал 60%-ы жерүсті су көздері есебінен қамтамасыз етіледі», – деді депутат.

Әрине, жерасты су ресурстары өңірлер бойынша бірқелкі бөлінбеген: тұщы жерасты суларының 68%-ы Алматы, Жамбыл, Түркістан және Қызылорда облыстарында шоғырланған. Ал, Атырау, Маңғыстау және Солтүстік Қазақстан облыстары су тапшылығы жоғары өңірлер қатарына жатады. Мысалы, Алматы қаласында жерасты су қорларын пайдалану деңгейі 73%-ды құраса, Түркістан қаласында бұл көрсеткіш 1%-дан төмен. Сенатордың пікірінше, бұл өңірлік даму үшін пайдаланылмай отырған елеулі резервтің бар екенін көрсетеді.

Жерасты сулары сондай-ақ минералдардың және тұздың өндірісінде пайдаланыла алады. Қазақстан аумағында литий, йод, бром және стронцийге бай өнеркәсіптік жерасты суларының 4 перспективалы провинциясы анықталғанымен, олардың әлеуеті экономикалық айналымға толық енгізілмеген.

– Жерасты су ресурстарын басқару саласы қазір институционалдықты бытыраңқы күйде. Соңғы жылдары жерасты суларына қатысты функциялар әртүрлі мемлекеттік органға таратылып, салдарынан нақты жауапкершілік айқындалмаған. Салалық саясат әлсіреген. Көптеген өңірде жерасты су ұңғымалары иесіз қалды. Бұлақ сияқты ашық су көздерінің қатты ластануы жерасты суларына тікелей қауіп төндіріп тұр, – деді сенатор Ж. Жөргенбаев.

Сондықтан алдағы Өңірлік экологиялық саммит аясында отандық және шетелдік мамандар, Үкіметтегі жауапты тұлғалар жерасты суларын қорғау және оңтайлы пайдалану жолдары мен тәсілдерін пысықтап, жана шешімдер түзсе құбақп. Өйткені жер астындағы бұл «тіршілік нәрі» – ертенгі ұрпақтың еншісі, елдіктің мәңгілік болуының кепілі.

# ҚАБІЛЕТСІЗ «ДИПЛОМ» – ҚАУІПТІ ТЕНДЕНЦИЯ

Қазақстан соңғы жиырма жылда білім беру саласында ұйтарлықтай нәтижеге жетті. Балалардың мектепте оқу ұзақтығы артты, білімге қолжетімділік кеңейді, мемлекеттік қаржыландыру тұрақты түрде өсіп отыр. Қағаз жүзінде ел білім беру жүйесін дамытуда табысты мемлекеттердің қатарына қосылғандай көрінеді. Дегенмен экономистер дәл осы көрсеткіш қазіргі күнде нарықтан көрініс таппай отырғанын айтады.

**А** Кәмила ДҮЙСЕН

Себебі еңбек өнімділігі баяу, азаматтардың табыс деңгейі біліммен әрдайым сәйкес келе бермейді. Алдымен статистикаға назар салайық. Мысалы, Ұлттық статистика бюросы мәліметінше, 2025–2026 оқу жылының басында елдегі жоғары оқу орындарында 678,1 мың студент білім алып жатыр.

«Елімізде студенттердің 99,8 пайызы бөлігі күндізгі бөлімде оқиды. Жана оқу жылында университеттерге 208,9 мың талапкер қабылданған. Ал өткен оқу жылында 152,8 мың студент оқуын аяқтап шықты», – делінген Ұлттық статистика бюросының мәлімдемесінде.

Статистика жоғары білімнің қолжетімділігі де артқанын көрсетеді. Бюро дерегіне сәйкес, бүгінде Қазақстанда 15 жастан асқан әрбір мың адамның 276-сы жоғары білім дипломына ие. Жалпы алғанда, ел халқының шамамен 27,6 пайызы жоғары білім алған.

Демек, диплом көбейді, бірақ оның нақты экономикалық қайтарымы әлсіз. Бұл – бүгінгі күннің ең өткір сұрақтың бірі. Сарапшылардың айтуынша, мәселе білімнің қолжетімділігінде емес, оның сапасында.

«Қазақстанда соңғы жылдары білім беру жүйесі сан жағынан өсті. Балалар көбірек оқиды, университетке түсетіндер саны артты. Бірақ бұл өсім автоматты түрде сапаға айналған жоқ. Бізде жылдар

саны білімнің көрсеткіші болып кетті, ал шын мәнінде, бұл тек сыртқы өлшем ғана. Адам капиталы уақытпен емес, нақты дағдымен өлшенеді. Егер оқушы мектептен базалық қабілеттерді менгермей шыкса, онда ол диплом алғанымен, экономика үшін толыққанды ресурсқа айнамайды. Сондықтан бүгінгі мәселе – білімнің ұзақтығында емес, мазмұнында. Осы айырмашылықты түсінбейінше, жүйені өзгерту қиын», – дейді экономист, EсоpomyKZ сарапшысы Сұлтан Уәлиханов.

Маманның бұл пікірі білім жүйесіндегі негізгі түйінді дәл көрсетеді. Яғни, формалды көрсеткіштер мен нақты нәтиже арасындағы алшақтық барған сайын ұлғайып барады.

Шын мәнінде, адам капиталы – аудиторияда өткізген жылдардың жиынтығы емес. Ол – адамның өмірде қолдана алатын дағдылары. Оқу, жазу, есептеу, талдау, жана технологияны игеру, күрделі ортада жұмыс істеу. Егер осы қабілеттер қалыптаспаса, білім беру жүйесі тек формалды институтқа айналуы ғажап емес.

Мамандардың сөзінше, мәселе мектептің алғашқы сатыларынан басталады. Бала бастауыш сыныптың ортасына дейін еркін оқи алмаса, қарапайым математиканы түсінбесе, кейінгі білім тек «жыл санауға» айналмақ. Бұл олқылықтың орны жойылмай, керісінше, мәселе тереңдей түсесі даусыз. Себебі соның салдарынан еңбек нарығына қабілетсіз жұмыс күші тоғытыла бермек.

Бұл жағдай экономиканың өзіне де әсер етеді. Себебі технологияны игеру үшін дайын кадр қажет. Ал дайын кадр болмаса, өндіріс те күрделенбейді.

Сұлтан Уәлиханов бұл байланысты ашық айтады: «Білім жүйесі мен экономика бір-бірінен бөлек жұмыс істеп тұрғандай әсер қалдырады. Мектеп пен университет өз бетінше өмір сүреді, ал еңбек нарығы өз талабымен жүреді. Егер экономика күрделі дағдыларды талап етпесе, білімнің де құны төмендей бермек. Адамдар оны сезіп-біліп отыр. Сондықтан олар білімге инвестицияны мәжбүрлі түрде жасайды, бірақ оны стратегиялық құрал ретінде көрмейді. Бұл – өте қауіпті тенденция. Өйткені ұзақ мерзімде ол бүкіл жүйенің сапасын төмендетеді».

Дегенмен сарапшы мәселе тек мектепте емес, жалпы жүйеде жатқанын алға тартып отыр. Білім беру саласында тағы бір күрделі түйін – басқару тәсілі. Жана мектеп салу, бағдарламаларды жанарту, есептерді көбейту – мұның бәрі сырт көзге даму сияқты көрінеді. Бірақ шын сапа сынып ішінде қалыптасады. Мұғалімнің дайындығы, оқушыға берілетін кері байланыс, нақты оқу уақыты – бәрі осы жерде шешіледі.

Егер жүйе есеп үшін жұмыс істесе, нәтиже екінші орынға шығып қалары даусыз. Мұндай жағдайда қаржының өзі өзгеріс әкелмейді, тек қазіргі әлсіз тепе-теңдікті сақтап тұруға ғана қауқарлы болмақ.

Сұлтан Уәлиханов бұл түйік шенберді былай сипаттап берді:

«Мектепте берілетін білім мен дағды онша мықты емес. Ал экономика болса, күрделі, білікті еңбекті көп талап етпейді. Соның салдарынан оқығанының пайдасы да айқын көрінбейді, табысқа тікелей әсері аз. Пайдасы сезілмеген соң, адамдар да білім сапасына аса мән бере бермейді. «Қалай болса да диплом алсам болды» деген көзқарас қалыптасады. Сөйтіп, бұл жағдай қайта-қайта қайталанып, жүйе



**Бізде жылдар саны білімнің көрсеткіші болып кетті, ал шын мәнінде бұл тек сыртқы өлшем ғана. Адам капиталы уақытпен емес, нақты дағдымен өлшенеді.**

өз-өзін ұстап тұруы мүмкін. Ең қауіптісі – осының бәрі қалыпты нәрсе сияқты көріне бастауы. Егер осы шенберді бұзбасак, біз ұзақ уақыт бойы орта деңгейден аса алмай қалуымыз ғажап емес».

Маманның сөзінше, көп жағдайда шешім ретінде стандарттарды жанарту, бағдарламаларды өзгерту ұсынылады. Бірақ бұл жеткіліксіз, себебі мәселе білімнің мазмұны мен идеологиядағы басымдықта.

Экономикалық зерттеулер көрсеткендей, ең жоғары нәтиже ерте жаста қалыптасады. Яғни, баланың алғашқы білім кезеңі – бүкіл жүйенің іргетасы.

«Бастауыш мектеп – ең маңызды кезең. Дәл осы жерде бала оқу мен есептеуді

толық менгеруі керек. Егер бұл кезеңде олқылық кетсе, оны кейін түзету өте қиын. Сондықтан біз бағдарламаны күрделендірудің орнына, керісінше, негізгі дағдыларға назар аударуымыз керек. Мұғалімнің сапасы – шешуші фактор. Мықты мұғалім кез келген реформадан маңыздырақ. Егер ерте даму, базалық дағды және мұғалім сапасы секілді осы үш нәрсені жөнге салсақ жүйе өздігінен өзгерер еді», – деді Сұлтан мырза.

Тағы бір маңызды мәселе – нәтижені қалай өлшейміз деген сұрақ. Қазір көбіне сағат саны, бағдарлама көлемі, камту көрсеткіші есепке алынады. Бірақ бұл білім ошақты сініріп жатқан қабілеттердің нақты көрсеткіші емес. Сарапшылардың пікірінше, басты өлшем – білім алушылардың қаншасы нақты базалық дағдыны менгерді деген сұрақ болуға тиіс. Әсіресе, әлсіз оқушылардың ілгерілеуі маңызды.

Сарапшы Қазақстан үшін бұл жай ғана білім саласындағы мәселе емес, бұл – экономикалық даму моделі туралы тандау екеніне назар аудартып отыр. Себебі ең маңызды екі сұраққа жауап беруіміз қажет: қазіргі жүйеміз орташа өсімге қанағат етеміз бе, әлде адам капиталын нақты драйверге айналдырамыз ба? Қазіргі экономикада ұзақ білім алу емес, оны қолдану қабілеті жоғары бағаланады. Өйткені түбінде жетістікке жететін көп оқытатын емес, тиімді оқытатын елдер болмақ.

16 СӘУІР 2026 | БЕЙСЕНБІ

## РЕДАКЦИЯДАН:

АІҚҰН қоғамдық-саяси газетінің редакциясы оқырмандарға арнап «Темірқазық» айдарым ашты. Осы шығарылымның аясында халықтар мен мемлекеттердің тағдыр-талайын айқындаған, ұлттың өсіп-өркендеуіне темірқазық болған тарихи кезеңдер мен оқиғалар туралы, өркениет пен мәдениеттің даму үдерістері, әлемге, қазаққа ұстын бола білген көрнекті тұлғалардың ғибратты ғұмыры жайлы толғамдарды үзбей жариялап отырмақпыз.

Ежелгі парсы жұрты да ұзақ жылдар бойы Ресей империясының көзін арбаумен болды. Әуелі 1804-1813 жылдарда басталып, кейін 1826-1828 жылдарда шегіне жеткен екі бірдей орыс-парсы соғысының нәтижесінде озбыр орыс империясы Кавказ жұртын түгел жаулап, Туркманчай шартына сәйкес отарлық шекара шепті айқындайды. Осылайша, ежелгі түркі-мұсылман жұртындағы үлкенді-кішілі хандықтар мен әмірліктерді басып алып, түстікті отарлауды тауысқан соң жемсауы бүлкілдеген озбыр Ресейдің назары Қиыр Шығысқа ауады.

Орыс-жапон соғысы кеңес тарихшылары жабыла жазғандай, жапон империализміне түкпийлдан жасалған соғыс болған жоқ. Ресей бұған жылдар бойы қапысыз даярланды. Әуелі дін қарындастығын алға тартып, Еуропа жұртшылығымен ауызбірлікті күшейтті. Ымыраласу, ықпалдасу бағытындағы үлкенді-кішілі шарттарға қол қойылды. Мәйдзи реформасының кейінгі аз ғана уақыт ішінде экономикасы мен әскери күш-қуатын әлденеше есе арттырып, Қиыр Шығыстағы ең қуатты державаға айналған Жапонияның әр қадамын аңдып, тыңшылық пен барлауды күшейтті.

Жапония 1894-1895 жылдардағы жапон-қытай соғысының нәтижесінде Қытайды тас-талқан етіп жеңіп, Кореямен бірге Қытайдың солтүстік-шығысындағы Манжурияны қоса жаулап, осы өңірге үнемі көзін құртын салумен болған Ресейдің өзіне қауіп төндірді. Император екінің Николайдың жазбалары мен хаттарына қарап, оның жапондармен соғысқа 1900-1901 жылдарда-ақ дайындала бастағанын аңғарамыз. Бүлікке ілік іздеген екі жақтың қарым-қатынасы барған сайын ушығып, әуелі жапон әскерлері 1904 жылы Порт-Артурды басып алады. Олар мұнымен де тоқтамай, 1905 жылы Мукден (осы күнгі Қытай жеріндегі Шэньян қаласы) түбінде орыстарға ойсырата соққы беріп, Цусима теңіз шайқасында өзінен ондаған есе үлкен Ресейдей алып империяның теңіз флотын тас-талқан етіп жеңеді. Орыс-жапон соғысын сырттай бақылап отырған алпауыт мемлекеттер оның әлемдік геосаясатқа зор ықпал жасайтын қорытындысынан барынша өз мүдделерін қорғап бақты.

АҚШ пен Ұлыбритания үшін Ресейдің күш алып, Еуропаға қауіп төндіруі қажет емес еді. Олар Корея мен Қытайды тізерлетіп, Ресейге ауыз салған Жапонияның Азияны жеке-дара билеп-төстеуге ұмтылған озбырлығынан да қатты сескенді. Мұның соңы АҚШ-тың арағайындығымен 1905 жылдың 25 тамызында «Портсмут бейбіт келісімінің» жасалып, оның нәтижесі бойынша орыстар ұзақ жылдарға жалға алып келген Ляодун түбегі, Порт-Артур мен Дальян порттары, сондай-ақ Ресей салған Оңтүстік-манжур теміржолы және Сахалиннің оңтүстігі түгелдей жапондар иелігіне өтеді. Осылайша, XX ғасыр басында жер көлемі шағын, халқының саны шамалы болса да шымыр жаңғақтай мықты, аз ғана уақыт ішінде орасан зор техникалық және технологиялық жетістіктерге қол жеткізген Жапония сияқты азиялық жолбарыс әлем тарихының төріне қарай озды.

XIX ғасыр бойына Орта Азия мен Кавказдағы әлемдегі өнеркәсіптік революциядан шет қалып қойған шағын мемлекеттерді қанды қырғынмен жаулап, орыс қаруының жеңімпаздығы жөнінде миф қалыптастырып үлгерген алып Ресейдің алақандай Жапониядан оңбай жеңілісі жалған аңызға өлердей сеніп келген орыс жұмырғанын ашуызысын туғызып, кеңестік тарих ғылымы мен оқулықтарда әсіре насихатталған «бірінші орыс революциясын» туғызды.



Жас Мұхтар Әуезов

Бүкіл әлем бұрын артта қалған, жабық ел санатындағы Жапонияның табыстарына таң-тамаша болып, оның экономикасы, әскери күш-қуатымен қатар тілі, байырғы мәдениеті мен өнерін де зерттей бастады. Солардың қатарында Мәскеу мен Петербург және Ресейдің аса үлкен университеттері мен жоғары оқу орындарында білім алған Алаш қайраткерлері де болды.

Жапон жұртын әлемдік өркениет бітігіне көтерген «Мәйдзи реставрациясы» деген қандай реформа еді? Енді осының тарихына да аз-кем тоқталып өтейік...

Мәйдзи реформасы – әлем ғалымдары тарапынан жан-жақты зерттелген құбылыс. Белгілі жапонтанушы ғалым, Гарвард университетінің профессоры Эндрю Гордонның (Andrew Gordon) «Жапонияның жаңғыру тарихы: Токугава заманынан бүгінге дейін» (A modern history of Japan: from Tokugawa times to the present) атты еңбегі АҚШ-та қатарынан төрт рет басылып, әлемнің бірқатар тіліне аударылды. Бұл зерттеу Жапонияда мойындалып, авторға мәртебелі сыйлық та берілді. Тағы бір америкалық жапонтанушы, Йель университетінің профессоры Джон Уитни Холлдың (John Whitney Hall) «Жапония: арғы тарихтан бүгінге дейін» (Japan: from prehistory to modern times) атты монографиясы да әлемдік жапонтанушылар тарапынан жоғары бағаға ие болды. Бұл зерттеу де жапон тарапынан айрықша атап өтілді. Тізімді тым ары созып, тағы бір еңбекті атап болсақ, оған америкалық жапонтанушы, профессор Джеймс Л.Мак-Клейннің (James L. McClain) «Жапонияның жаңғыру тарихы» (Japan: a modern history) монографиясын қосуға болады.

Біздің мақсатымыз бұл еңбектерді түгелдей талдап шығу емес. Әлем зиялы қауымымен бірге Алаш қайраткерлерін де таң-тамаша қалдырған Мәйдзи реформасының құпиясын осындай ірі ғалымдардың байсалды байламдары арқылы танып, түсіндіру. Жапон тарихындағы түбегейлі өзгерістерге жол ашқан бұл реформаны зерттеушілер оны «Мәйдзи реставрациясы», «Мәйдзи жаңаруы», тіпті «Мәйдзи төңкерісі» деп те атайды.

Жапон қоғамын 1192 жылдан бастап 1868 жылға дейін әскери аксүйектер өкілі – сёгундар биледі. Оларды біздің отаршыл тарихымызға жақындау ұғыммен сипаттар болсақ, «генерал-губернаторға» жуықтау. Ресейде генерал-губернаторды император тағайындаса, сёгун өз аймағында жеке-дара, тәуелсіз билік жүргізді. Олардың билік пен жерге үздіксіз талас-тартысынан жапон қоғамында бітпейтін қарулы қақтығыстар орын алып, елдің әбден берекесі кетті.

Мәйдзи реформасы өзара қырық пышак болған сёгундық билікті бір орталыққа біріктіріп, императорлық басқаруды орнықтырды. Сол замандағы ең ықпалды сёгун Токугава 1867 жылы 9 қарашада бар билікті Жапония императорына өткізген күннен бастап, самурайлардың бес ғасыр бойы, ал Токугава әулетінің табан аудармастан 265 жыл Жапонияны билеу дәуірі аяқталып, билік атаулы біржолата жас императордың қолына көшеді. Қабағынан қар жауып, қаһарына мұз қатқан сұрапыл самурайларды оп-онай жуасуытып, билікті қолына алған император Муцухитоның жасы 1867 жылы енді ғана 15-ке толған еді. Әрине, мұндай төңкеріс жас баланың қолынан келмейтіні өзінен-өзі түсінікті.

XIX ғасырда Еуропада өнеркәсіп революциясы өрістеп, адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған техникалық, технологиялық өзгерістерге жол ашылды. Әлемдегі алпауыт мемлекеттер жанару жолына түсті. Жапон зиялы қауымымен өзара қырықсудан әбден титықтаған сёгундар ел дамуына серпіліс әкелетін жаңғырудың қажеттігін жақсы түсінді. Ол үшін бір орталықтан басқарылатын мығым билік қажет еді. Ал оның бірден-бір жолы императорлықты нығайту болды.

Сёгунат заманында императордың жапон қоғамындағы ықпалы шамалы еді. Сондай әлсіз императордың бірі Комэй

Ресей империясы ғасыр басында үлкен Үндістанға бастайтын кілт пен қақпа ретінде қарастырылған Қазақстан мен Орта Азияны отарлауды аяқтайды. Бұхар әмірлігі мен Хиуа хандығы дербестігін сақтағанымен, экономикалық жағынан түгелдей Ресейге тәуелді еді. Сол замандағы ең алпауыт империя – Ұлыбритания мен Ресей бодандығына түскен елдер арасындағы буферлік аймақ саналатын ауған жеріне басып кіруге жүрегі дауаламаған орыс әскерлері осы күнгі Тәжікстан тұсынан тізгін тартады.



Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД,  
заң ғылымының докторы, профессор, академик

## АЛАШ пен

1867 жылы аяқастынан 36 жасында дүние салады. Осылайша, билік басына 1867 жылдың 3 ақпанында тақ мұрагері Муцухито келеді. Жыл соңында жапон қоғамын үш ғасырға жуық билеп келген ең ықпалды әулет өкілі Токугава Ёсинобу өз еркімен сёгунді атақтан бас тартып, бар билікті императорға өткізеді.

Келесі 1868 жылдың 4 қаңтарында Муцухито Жапонияда императорлық биліктің толық қалпына келтірілгені жөнінде жарлық шығарып, жер-жаһанға жария етеді. Бұл шешімге қарсылық білдірген елдегі түрлі саяси күштердің қарулы көтерілістері мен қарсылықтары бір жыл ішінде түгелдей тойтарылып, 1869 жылы ескі дәстүрге сай Жапонияның 122-императорының «Мәйдзи» дәуірі басталады. Осы тұста жапон тілінде «білімді билік» деген мағына беретін «мәйдзи» сөзінің төркіні Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» деген ұғымымен ұштасатынын аңғарта кетсек, артық бола қоймас.

Жаңа император елді байырғы байтақ – Киотодан басқарып, бұған дейін сёгундар қорғаны болып келген көне қала Эдоның атын «Токио», яғни «шығыс астана» деп өзгертті. Бүгінде әлемге әйгілі Токионың дәуірлеу кезеңі де осы өзгерістен басталды. «Мәйдзи» ұлттық салт-дәстүрлерді сақтай отырып, күллі әлемнен оқшауланyp келген жапон қоғамын түбегейлі түрде жаңғыртты. Жаңа үкімет жасакталып, «Дайд зёкан» деп аталатын Қазақ хандығындағы «хан кенесіне» ұқсас мемлекеттік кеңес палатасы құрылды.

Жапондар әуел бастан бірден-бір дұрыс жол тандап, АҚШ Конституциясына сәйкес билікті: заң шығарушы, атқарушы және сот билігі деп үш тармаққа бөлді. Бұл сёгунат заманындағыдай бар биліктің императордың ғана қолында шоғырлануын болдырмай, жаңа демократиялық үдерістерге жол ашып, билік тармақтарының дербестігін және қоғам алдындағы жауапкершілігін күшейтті.

Сёгунат жойылғанымен, елдегі үлкенді-кішілі хандық бөліністер («хан» деп жапондар кішігірім кінәздікті атаған) сақталып қалды. Император 1871 жылы 277 хандық құрылымдарды жойып, оның орнына орталыққа бағынышты префектуралар құрды. «Мәйдзи» реформасы талапты, табанды, ержүрек, еңбекқор жапон халқына әлемге жаңа қырынан танытты. Саяси, экономикалық үдерістер жапон қоғамын серпілтіп, жедел жаңғыру жолына түсірді.



15 жасар император Муцухито

Ескі жапон қоғамын дүр сілкіндірген орасан зор өзгерістерді қанша данышпан болса да 15 жасар император жүзеге асыра алмайтыны белгілі еді. Дүниежүзі халықтарын әлі күнге дейін таңғалдырумен келе жатқан бұл ғажайып реформаның авторы ретінде жапонтанушылар үш арыстың есімін атайды.

Жапондықтар зор құрметпен «Үш ұлы қаһарман» немесе «Үш асылзада азамат» деп атайтын үштіктің ұшар басында тұрған Киодо Такаёси елдегі ең қиын түйінді жер реформасы мен жаңа әкімшілік-аумақтық басқару жүйесін енгізіп, ұзақ жылдар бойы императордың кеңесшісі қызметін атқарды. Озық тәжірибелі үйрену үшін АҚШ пен Еуропа, тіпті Ресейге дейін барып, олардың табысын зерттеген қайраткер тұлға біраз уақыт Мәдениет министрі қызметін де атқарыпты.

Тағы бір қаһарманның есімі – Окубо Тосимити. Ол Жапонияның жаңа экономикалық саясатын жүзеге асырып, батыстық үлгідегі қаржы-қаражат жүйесін орнықтырды. Бірнеше мәрте Қаржы және ішкі істер министрі болып қызмет атқарды.

Үш асылзаданың соңғысы ретінде Сайто Такаориңді есімін ерекше атауға болады. Жапон Қарулы күштерін реформалауға аса зор еңбек сіңіріп, Қорғаныс министрі қызметін атқарған ол Жапонияның әлем алдындағы беделі мен әскери күш-қуатын арттыруға аса зор еңбек сіңірді.

Бір ғажабы, елді еуропалық үлгімен жаңарту жолына түсірген үш қаһарманның үшеуі де танымал самурай әулетінен шыққан еді. Ұлтқа деген құрмет пен қызмет оларды ескі тәртіпті сақтаудың орнына Жапонияны әлемдік даму мен өркениет бітігіне бастаған жаңа реформаларға алып келді.

Осы тұста Мәйдзи реформасының табысты болуына зор үлес қосқан, әуелде губернатор, Ішкі істер министрі қызметін атқарып, кейін төрт мәрте Премьер-министр болған Хироуми Итоның да есімін айрықша атап өткен жөн. Жас кезінде Ұлыбританияда тағалымдамадан өткен Ито батыстағы өнеркәсіптік революция жетістіктерін өз көзімен көрді. Кейін АҚШ-та болып, сол кезде мемлекеттік хатшы қызметін атқарған Александр Фишпен таныс-білістік орнатты.

Батыс елдерінің қалай ілгерілеп кеткенін өз көзімен көрген Ито білімге құштар 107 жапондық жас азаматты АҚШ-қа тағалымдамаға жібереді. Кейін Премьер-министрлігі кезінде Австро-Венгрия мен Германияға жапон жастарын жіберіп, олар да дамыған елдер тәжірибесінен тағалым алады.

Ито батыс қоғамы жетістіктерін Жапонияға жеделдетіп енгізуге үлкен күш жұмсайды. Оның өмірлік ұстанымдары мен саяси, экономикалық көзқарастары Әлихан Бөкейхановтың ой-тұжырымдарына өте ұқсас еді. Сталин бастаған шала сауатты бөлшебек басшыларды он орап әкететін Алаш арыстары ойға алған жоспарларын жүзеге асыра алмай, арманда кетсе де, олардың мол мұрасы мен көрсетіп кеткен бағыт-бағдарлары тәуелсіздік тұсында жүзеге асты. Мәйдзи реформасының табыстарына жүздеген жапон интеллектуалы зор үлес қосты.

Жапонның үш қаһарманы туралы жазу барысында Алаш қозғалысының көш басында тұрған үш арыс – Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Мір-жақып Дулатов есіме түсті. Олар да жалғыз емес еді. Кейін олардың қатарына Ресейдің ең беделді жоғары оқу орындарын бітірген Ж.Ақбаев, М.Шокай, М.Тынышбаев, Ә.Ермеков, Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, Р.Мәрсекөв, т.б. Алаштың ардақты қайраткерлері қосылды. Енді осы тақырыпқа қарай ойынсалық.

Бар әлемнен ауашаланып, ортағасырлық феодалдық басқару жүйесін сақтап келген жапон қоғамы Мәйдзи реформасы арқасында небәрі 30 жылдың ішінде зор табысқа қол жеткізді. Өзінен жер көлемі,

халқының саны, экономикалық және әскери күш-қуаты жағынан әлденеше есе үлкен алып империя саналатын Ресейді теңіз бен құрлықтағы шайқастарда күйрете жеңген Жапония жетістіктері Алаш қайраткерлеріне көп ой салады.

Күншығыс елінің тамаша табыстарын алғаш қазаққа үлгі етіп жариялаушылардың қатарында сол кезде тырнақалды туындылары енді ғана баспа бетін көре бастаған балаң жігіт Мұхтар Әуезов болды. Ұлт әдебиетінің болашақ классигінің «Япония» атты мақаласы 1918 жылы Семейде шығып тұрған «Абай» журналының 4, 5-сандарында басылды. Дәл осы мақала жазушының басына кесір болып жабысқаны соншалық, Мұхтар өмірінің соңына дейін бірде-бір жазбасында, сөйлеген сөзінде, тіпті кейін Жапонияға барған сапарында жазған күнделіктерінде оның атын мүлде атамайды. Мақала Әуезов дүниесі ағаман соң жарық көрген бастапқы 12 томдық, кейінгі 20 томдық шығармалар жинағына да еңбеді. Қайта құру кезеңіндегі «ақтандақтар ақиқатын ашу», «жариялылық» ұрандарына сай цензура босанбаған жылдарда аса көрнекті абытанушы ғалым, профессор М.Мырзахметов «Японияны» «Абай» журналынан тауып, алғаш рет 1988 жылы «Мәдениет және тұрмыс» журналының 8-нөмірінде жариялайды.

Жиырмаға енді ғана толған жас Әуезовтың «Япониясы»: «Бұл күнде қай халық тәртіпсіз, ғылымсыз, елеусіз қалыптан асып, алдыңғы дәрежеде жүрген халықтармен тізесініп отырарлық теңдікке жетуі тездігінен болатын жұмыс емес», – деген сөйлеммен басталып, жазушы оқырманның назарын бірден теңдікке жетудің оңай шаруа емес екендігіне аударады.



Орыс-жапон соғысы кезіндегі карикатура

Бұдан ары автор мақалаға нысана етіп алған ойын тарата түсіп: «Ал бұл заманда надан халықтың қатарға кіріп кетуіне себеп болатын жүз тараулы шарттар бар», – деп оның «терен ой», «қажымайтын қайрат», «талап», «еңбек» екеніне назар аударады. Бала күнінен Әуезов ағамның ұстаздығымен Абай өлеңдерін жаттап өскен адамның бұл сөздерін қайнарында «Талап, еңбек, терен ой, Қанағат, рақым ойлап қой» деген данышпанның «бес асыл ісі» жатқанын аңғару қиын емес.

Жазушы бұдан әрі «мешее» мен «меніреу» қалыпты серпіп тастап, «зорайтып», «көркейтп», «бүткіл дүниені шамдандырып әрі қызғандырып», «ішің қайнаттып» отырған ел ретінде Жапониядан үлгі-өнеге алуға шақырады.

Бұл кезде Семейден көп ұзап шыға қоймаған жас Әуезовтың оқыған-тоқығандары мол екені мақаланың әр сөйлемінен айқын аңғарылады. Ол Жапония тарихын

# ТЕМІРҚАЗЫҚ

16 СӘУІР 2026 | БЕЙСЕНБІ

әріден бастап, «XIX ғасырдың әуелгі жартысында Қытай мен Америка хәм басқа Еуропа патшалықтарының саудасы қызды», — дей келіп, «бұлардың бір-біріне қатынастың жолында Япония болды», бұдан әрі «Білімді жұрттар Японияның да ішіне өз саудасын кіргізіп, олардың қанын соруға айналды», — деп Жапония ресми түрде тәуелсіздігін сақтағанымен, экономикалық жағынан озбыр елдердің талауына түскен кіріптарлығын да көрсетіп береді.

Ежелден ержүректігімен атты шыққан самурайлар елінің мұндай халге түсуіне: «Англия, Франция, Голландия секілді білімді жұрттардың Японияның надалығын пайдаланғысы келген қомағайлығы болды», — деп Еуропа жұртының жеңілісін қорқытатын да түйреп өтеді.

Орыс отаршылдығының казак дала-сындағы озбырлығын өз көзімен көріп өскен жазушы олардың қомағайлығын кейінгі шығармаларында жиі әшкерелеп отырған.

М.Әуезовтің 1928 жылы жарияланып, оның жазушылық талантын баршаға бірдей мойындататын «Қилы заман» тарихи романы: «Базар ортасында ұзын, биік

тарих жүзіндегі үлгісі мол сабақ», — деп білім деңгейі жоғары жұрттың жетістігінен үлгі алуға үндейді.

Жапон тарихын тыңғылықты зерттеген Әуезов Ито үкімет басқарған жылдарда жапон жастарының ғылым-білім мен жаңалыққа ұмтылысын да назардан тыс қалдырмай: «Жаңалық басталғанынан-ақ Япония жастары ғылым дүкені құрылып тұрған жақтарға ағыла бастады», — дей келіп, мұның себебін: «Бәрінің һәр жерге келгендегі максаттары Японияның бақытты болу қамы болды. Сол себепті бұлардан Еуропа ғылымын біліп алғандарды тоқтамастан жеріне қайтып, жиып алған білімдерін елдеріне егіп отырды», — деп олардың көзлегені ұлт болашағы жолындағы ұлы мұраттар екенімен түсіндіреді.

Премьер-министр Ито Ұлыбритания, АҚШ, Австро-Венгрия және Германия сияқты заманындағы даму мен өркеніет көшінің шырақ шынында тұрған мемлекеттер тәжірибесін сол күйінде қабылдаған жоқ. Ол ел басқару мен жаңа экономикалық қатынастарды орнықтыруды ұлттық дәстүрлерге сай өрбiту керектігін бастады. Қажетсізін ысырып

Кез келген халық тағдырына қатысты қалам тартқанда Әуезовті әрдайым толғандыратын тағы бір мәселе — тіл тағдыры, жазу-сызу мәселесі. Бұл тұрғыдан келгенде жас жазушы: «осы күнге шейін қиындығы кетпей жүрген бір нәрсе — Қытай мен Японияның әдебиеті ерте уақытта қосылып кеткендігі, бұл қосылу себепті Японияның жазба сөздерінің бәрін қытай тілі кернеп, Японияның кітап тілін жеңіп кеткендігі», — деген тұжырым жасайды.

Әрине, мақала жазылған уақытта жас Әуезов тілдердің шығу теориясы мен туыстығы, жіктелуі туралы университетте оқытатын ғылыми еңбектерді тауыспаған. Солай бола тұрса да, жапон тілі мен жазуы тарихындағы проблеманы тап басып айтқан.

Жапон тілінің шығу тарихы жөнінде мақала жазылған осыдан 100 жыл бұрын басталған ғылыми пікірталас әлі күнге дейін толас тапқан емес.

Тіл білімі мамандары қытай тілін сино-тибет тілдер тобына жатқызды, ал жапон тілінің табиғаты мүлде бөлек.

Жапон тілі агглютинативті, яғни жалғанбалы тіл, ал қытай тілінің грамматикасында септеу, жіктеу атаулы мүлде жоқ. Сол себепті лингвист ғалымдардың бір

көзімен қарайтын», — деп бір түйіндеп өтеді.

Бұдан кейін жапон қоғамында әйелге деген ескі көзқарасты өзгергенін: «Бұл күнгі жаңалық ағымы ол салтты қалдырып, әйелді де мемлекеттің құрметті мүшесінің бірі деп біліп, қатарға кіргізіп барды», — деп әйелге құрметті айрықша атап өтеді.

Автор бұдан әрі қыз балалар үшін арнайы төменгі дәрежелі мектептер мен жоғары оқу орындары ашылғанынан хабарлар етеді. Қай істе болсын, ұлттық ерекшелікті жоғары қоятын жапондардың бұл мәселеге келгенде де тапқырлық танытқанын: «Еуропа әйелдерінің мектептерінен артық бір тұтапты», — деп көрсетіп, ары қарай олар енгізген жаңалықты тарқата жазады.

Жапондар: «Әйел оқығанда бір жағынан үй-ішінің шаруасын үйрену керек», — деп болашақ ананы күнделікті үй тұрмысына қатысты еңбекке баулауды басты назарда ұстағанын атап өтеді. Оның себебін: «Еуропа әйелдері үй шаруасына ыңғайы аз, еркек секілді селекет болады, өмірден алыстап кетеді», — деп түсіндіреді.

Әуезов қыз балаларға арналған мектепте олардың «жиырма-жиырмадан» топқа бөлініп оқитынын, әр топтың басында

Жапон жазба әдебиеті 7-8 ғасырларда дүниеге келген «Кодзика», «Нихон Сёки» киелі кітаптарынан бастау алады. Ал жапон мектептерінде оқылатын алуан жанрдағы классикалық әдебиет 764-1185 жылдардағы Хэйан кезеңінде жасалды. Бұл кезеңде жапон әйелдері арасынан Мурасаки Сикибу сияқты жазушы «Гэндзи туралы повесть» атты күрделі философиялық-психологиялық прозаны дүниеге әкеліп үлгерген еді.

Сегундар билік құрған ортағасырлық әдебиетте самурайлар ерлігі жығға қосылған әскери әдебиет алдыңғы шеңке шықты. Мұны казак әдебиетіндегі жыр-аулық поэзия үлгілерімен, жорық жырларымен салыстыруға болады.

Кітап басу ісінің өркендеуі жапон әдебиетіндегі барынша гүлденген Эдо дәуірімен тұспа-тұс келіп, бұл кезеңде дини, философиялық, моралистік жанрлар өрістеді.

Әлемдік поэзияның інжу-маржандарына қосылған Мацуо Басэ, Ыса Бусон мен Исса Комбаяси сияқты хайку жанрының шелевтері, Ихара Сайкакудің «Махаббатқа бөленген бес әйел» беллетристикасы, Такэда Идзумоның драматургиясы дәл осы кезеңде жасалды.

Мэйдзи реформасы кезінде жапон әдебиетіне еуропалық дәстүрлер мен жанрлар жедел түрде еніп, модернистік

# ЖАПОН АРАСЫ

ағашқа аспандып көтерген екі басты самурықтың суреті желкілейтін. Бұл қомағай қарынды, жалмауыз тілекті ертегі обьрының айқын тұрған белгісі еді», — деген орыс отаршыларының тілегі жалмауыз, ал қарны қомағай келетінін мұқатып өтетін сөйлемдерден басталатын.

Жас Мұхтар өз макаласында: «Япония білімді жұрттардан келетін зиянды көрген соң оларға өткел бергісі келмеді», — дей отырып, «Японияның сүйегіне сіңген ұлтшылдық, жігерлік қаны оянды», — деп өр халықтың отарлыққа қарсы күресіне зор ризашылығын білдіреді.

Әуезов жапон тарихын, оның ұлттық серпіліс жолындағы күрес тәсілдерін жіті зерттеген. Ол: «Айлалы, азулы жауға өзінің ұстап келген қаруындай қару ұстап, өзінің сүйенген тәртібіндей тәртіпке сүйенбесе, басқа болмайтын болды», — деп жапон реформаторлары алпыс екі айлады жауды өз қаруын өзіне қарсы ұтымды пайдаланғанына айрықша назар аударады.

Жапон халқының тығырықтан жол іздеуінің соны Мэйдзи реформасына алып келгенін: «Жұрт басшысы, камкорлары бұл халді ұғып, осының жолына бастарын сарп етіп, жаңа жол табуға ізденді. Солардың талпынуының себебінен 1868 жылдағы жаңалық (реставрация) дүниежүзіне келді», — деп сипаттайды.

Ақпарат тапшы заманда жазылған шағын макаласында жас Әуезов жапонның арғы-бергі тарихына қатысты деректерді молынан келтіреді. Ол сол тұста орын алған мемлекеттік басқару жүйесінің жағдайы туралы: «Бұрын Японияда Микадо (патша) болса да оны ешкімге иелетпей, бар билік қолынан тарайтын, бұрын соғыс басшы Сиогундікі болатын», — деп жапон қоғамындағы мемлекеттік басқару жүйесінің арасалмағын нақтылап көрсетеді. Бұдан әрі: «Соңғы уақытта сиогундар күшейіп кетіп, Токугава деген тұқым 265 жыл бұл дәрежегі ұстап тұрды», — деп биліктің басым бөлігін өз қолына шоғырландырған Токугаваның жайынан да хабар беріп өтеді.

М.Әуезов Мэйдзи реформасының жан-жақты ойластырылып жүзеге асырылғанын: «Японияның бетін түзеп алып, ретке келтіруге аяқ басқанының басы 1885 жылдан бері қарай» екенінен де журнал оқырмандарын хабардар етеді.

Әуезов макаласының басқы тұсында Мэйдзи реставрациясына бір ғана император емес, ел «камкорларының», яғни кейінгі тарихта «ұлттың үш арысы» атанған реформатор тұлғалар мен солардың төңірегінде топтасқан жапон қоғамының өрлеуі мен өркендеуі үшін жанын салған оқымыстылар жүзеге асырғанына ерекше назар аударады. Жазушы солардың жұмысын шеберлікпен үйлестіре білген алғашқы Премьер-министр Хироbumи Итоның рөлін де ерекше атап өтеді.

Мұхтар Әуезов 1894 жылы болған Жапон-Қытай соғысының жеңіспен аяқталуынан кейін: «Ғылым, шаруа, сауда жолында аса көзге көрінерлік екіпінділік істеді», — деп атап көрсетеді.

Сол кезде енді ғана Семей семинариясын тәмамдап, әлі университет есігін де ашпаған жас Әуезов жапон халқының аз ғана уақыт ішінде мұндай зор табысқа жетуінің сырын олардағы оқу-білім мен сауаттылық дәрежесінің жоғарылығымен түсіндіреді. Ол: «Оқу жолында 1901 жылдағы есепте Япониядағы оқуға жасы дәл келген еркек баланың шkolда жүргендерінің саны 94% (жүзден 94), әйел баласының саны 81 процент болды», — деп жапон халқының сауаттылық деңгейі өте жоғары болғаны жайлы нақты статистикалық деректер келтіреді.

Ол жапон қоғамының бұл жетістігін «һәр жүректі осындай болсам деп үміттендіріп, екпін, жігер беріп, талпынтатын



Жапонияның премьер-министрі Хироbumи Ито

тастап, қолайына жаққанын кәдеге жаратты. Мұхтардың назарынан бұл үдеріс те тыс қалмай: «Япония Еуропа не істесе, соған көз жұмып ере берген жоқ. Әрқайсысының жиып апарған білімін зейінге салып, сынап, өздеріне қолайлы, жақсы дегендерін ғана алды», — деп атап өтеді.

Жапон интеллектуалдары мен ел басшылары «Мэйдзи» реформасына кіріскен кезде әуел бастан-ақ ұлт мүддесін басшылыққа алып, жастарға еуропаша білім беру кезінде жапон халқын өзгелерден даралап тұрған ұлттық құндылықтардың ұмтылмайтын қатарына қалағалаған. Олардың бұл ұстанымы жас Әуезовке майдай жағып: «Шеттен келген адамдарға шарт қойып отырды. Ол шарттар: Японияның ұлттығына зиян келтірерлік нәрселерді оқытып жүрген шәкірттерінің жүрегіне сіңірмеулері, мұндай мінездері байқалған адамдар болса қызметтеріне кіргізбеді», — деп жапон халқының өз ұлттық ерекшеліктерін қызғыштай қорыуына ризашылығын білдіреді. Бағыстын ғылым-білімі, техника және технология саласындағы жетістіктерін «егу» арқылы: «Бұл күнде Япония тура күшею жолында», — деп Күншығыс халқының табыстарына шаттана қол соғады.

Мэйдзи реформасының қалай жүзеге асқаны туралы мақаланың алғашқы бөлігі «Абай» журналының білмекке құмар оқырмандары тарапынан үлкен қызығушылық туғызды. Жас автор оны жалғастыруды қажет деп тауып, екінші бөліктегі ойын реформаның бүгінгі Жапонияға не бергені тақырыбында өрбітеді. Бар ғұмырын ұстаздыққа арнаған болашақ академик-жазушы өңгімені оқу-білімнің жай-күйінен бастайды.

Әуезов: «Ғылым, қуат қай жұртқа болсын мысқалдап бірте-бірте сінбек, орнамақ һәм бойға баптанып, кемеліне келіп, жай орнаған нәрсе нағыз берік болмақ», — деп өнерлі жұрттың ғылым-біліміне ден қою барысында тиянақтылық, кемелдік қажет екеніне айрықша назар аударады.

Бұдан әрі автор жапон балалары мектеп табалдырығын алты жастан атайтынның және орта білім алу жалпыға ортақ міндет екенін атап өтеді.

Өзі әлі жоғары оқу орнына түсе қоймаған Әуезовті Жапония университеттерінің жай-күйі де ерекше қызықтырған. Ол: «тіпті университеттер Еуропа үлгісінде ерте түскен. Мысалы, 1880-1890 жылдарда Еуропадағы не түрлі университеттер болсын, Японияда да ашылды», — дей келіп, тек 1900 жылы 3 126 жапондық жас сол университеттерді бітіргені жөнінде нақты мағлұмат келтіреді.

тобы жапон тілінің грамматикалық ерекшеліктерін зерттей келіп, оны түрік-моңғол, тұңғыс-манжур тілдерінен құралған алтай тілдер тобына жатқызды. Мәшһүр тілтанушы ғалым, профессор Э.Тенишев алтай тілдер туыстығының екі топтан құралатынын, оның екінші тобына «Корей және жапон тілдері» кіретінін атап көрсетеді («Алтайские языки». В книге «Тюркские языки», М., 1996, с. 7). Бұл пікірді түркітанушы ғалымдардың басым бөлігі қолдаса да, тағы бір тобы жапон тілін «сино-тибет» немесе «алтай» тілдер топтарына қоспай, өз алдына жеке-дара қарастырады. Даулы мәселені анық-қанығына жетуді тілші ғалымдардың үлесіне қалдырып, жапон жазуының тарихына ойысар болсақ, ол төмендегідей болып шығады.

Біздің дәуіріміздегі 6-ғасырдан жапон жерінде буддизм ықпалының күшеюімен қатар, қытай мәдениетінің де әсері арта түсіп, жапон тіліне қытай тілінен көптеген сөз бен термин ене бастайды. Қытай иероглифтері жалғанбалы тіл саналатын жапон тілінің ерекшеліктерін түгел қамти алмады. Қашанда өнертапқыш жапондар мұның да қыбын келтіріп, қытай иероглифтерін жетілдіру негізінде катакана және хирагана атты жаңа жапон жазуын ойлап табады. Ахмет Байтұрсынұлы араб графикасы негізінде түрленген жаңа казак әліпбиі де тура осындай жолмен жасалды.

Әуезовтің қытай тілінен енген сөздердің «Японияның өз тілін жеңіп кеткендігі» туралы пікірі де шынықтың ауылынан алыс емес. Жапонның тілтанушы ғалымдарының мойындауына, осы күнгі жапон

бір тәрбиеші (авторда — «бір үлкен қатын») болатынын, оны «қыздар шешесіндей көретінін», «өз араларында апалы-сіңлі кісідей халқы жүретініне» дейін тәптіштей жеткізеді.

Жапон мектебіндегі қыз баланың оқуы мен тәрбиесі жайлы өзі байқаған ойларын тұжырымдай келіп: «Қыздар һәрі ғылым үйреніп білімі артады, һәрі шаруа жүзінде, өмірге керекті тәжірибе алады. Бұл — Японияның басқа халықтардың қатесін көріп тапқан өзгеше түрі», — деп жапондар енгізген жаңалықты «Абай» журналының оқырмандарына өнеге ретінде ұсынады.

Қай тақырыпқа жазса да тереңіне сүңгіп, ширата жазатын жас Әуезовтің жан-жақтылығына таңғаласын. Жапон қыздарының мектепте оқып жүрген кездерінде-ақ үй шаруасына бейімделуін ширата жазып, жаңа казак мектептерін осындай жақсы жаңалықтар үлгі алуға шақырады. Жас Әуезов жапон халқының өмір салтын бірыңғай мақтап шығуды мақсат етпеген. Ол жапондардың будда діні мен Конфуций ілімін қатар қуып, «неше дінді ұстанып келе жатқан жұрт» екенін, мұның өзі жапондарды «Еуропа халықтарымен қатар қоюға бөгет болатын нәрсе» екенін де назардан тыс қалдырмайды.

Жапон қоғамындағы діннің әралуандығынан олардың бір бөлігі «ескі салттан жерініп, көбі басқа дінге өтіп кеткенімен» түсіндіреді. Дін мәселесіне келгенде жапондардың енжарлығын сынап: «кейбіреулері мүлде дінсіз, бірталай Еуропа философияларының жолын ұстанады», — деп жазады. Әйтсе де, автор: «Японияны



Мориока қаласындағы оқушы қыздардың бір тобы, 1900 жыл

тілінде қытай тілінен енген сөздердің үлес салмағы шамамен 60 пайызды құрайды. Мұны байқаған Әуезов: «Оқушылар әуелі қытай тілімен таныс болып һәм басқа жұрттардың тілін тағы үйренуі керек», — деп жапон мектептеріндегі тіл сіндырудің проблемалы мәселелерін де назардан тыс қалдырмайды.

Жас Мұхтар «Япония» макаласынан бұрын 1917 жылы Семей қаласында шығып тұрған «Сарыарқа» газетінде «Адамдық негізі — әйел» атты макаласын жариялайды. Бұл да Әуезовтің көзі тірісінде оның бірде-бір жинағына енгенге мақала. Оны алғаш тауып, 1966 жылы «Лениншіл жас» газетінде жариялаған жас ғалым, кейінгі үлкен академик Рымғали Нұрғали еді.


Әйел тақырыбы әрдайым Әуезовтің басты назарында болған. Сондықтан Жапония туралы макаласында да әйелдердің жапон қоғамындағы орны, алатын білімі мен атқаратын қызметі жазушы қаламына іліккен. Ол әуелі: «Бұрынғы уақытта Японияның әйелі ескерусіз күйде болып, ескі ата-бабаның салтымен әйелге өсіп-өну

көбінесе аударып бара жатқан христиан діні», — деп мәсіхшілер ықпалының кеу-кеулеп тұрғанына аландаушылық танытады.

Жапон қоғамындағы Әуезов өзі байқаған жат қылықтың бірі: «қатын алғанда өзімен тұқымдас жақын атаның қызын алу», — дей келіп, мұны олардың: «басқа атаның қызын алса қан өзгеріп кетеді-міс», — деген жалған ұғым, жат ғадеттен туындағанын түсіндіреді.

Жапонияның арғы-бергі тарихына қатысты энциклопедиялық сипаттағы мақалада олардың әдебиеті мен баспасөзіне де орын берілген. Жазушылыққа бет бұрған жас Әуезов: «Өзге жағының ілгерілеуіне қарағанда, солайки кем қалған нәрсе — Японияның әдебиеті», — деп жапон әдебиетінің бүгінгі жай-күйіне риза емес қалып танытады.

Мақала жарияланған тұста қалтарыс-құпиялары мол жапон қоғамы батыс жұртшылығына енді ғана танылып келе жатқан. Оның көк түрік заманынан тамыр тартатын аса бай әдебиеті жайлы деректер ғылыми жұртшылыққа жете қоймаған.



Жапон поэзиясының классигі Мацуо Басэ

бағыттағы жаңа романдар жарық көрді. Олардың қатарында Нацумэ Сосэкидің «Кокоро», Токутоми Роканын «Курисиво» және Токутоми Сохонин «Хототогису» романдарын атауға болады.

Бұл деректер Әуезов макаласы жазылған заманда ол ақпарат алған орыс баспасөзі мен әдебиетін былай қойғанда, батыс жұртшылығына да әлі жете қоймаған еді.

Жас Мұхтар Жапония баспасөзінің жай-күйіне де тоқталып өткен. Әуезов: «Японияда ретті газеттер шыға бастаған уақыт 1870 жылдардың шамасы», — деп жазады. Мұндағы «ретті» сөзін «күнделікті» деп түсінетін болсақ, бұл жапонның 1871 жылдан бастап шыға бастаған «Ёкохама майнити симбун» газеті болып шығады.

Жазу-сызуы ертенде басталған ел баспасөзінің бұдан бұрын да болғанын «газет шығарумен таныстығы ертенде бар-ды» деп ескертіп өтуді ұмытпайды. Түбін қазар болсақ, «каварабан» деп аталатын газет парақшалары Жапонияда XVII ғасырларда-ақ пайда болған. Мұрағат атаулығы ыждағатты келетін жапондарда бұл газеттің 1615 жылы шыққан бірінші нөмірі әлі күнге дейін сақтаулы.

Әуезов реформадан кейін жапон баспасөзінің саны күрт артып: «1899 жылда шығатын газет-журналдардың саны 978 болған», — деп нақты деректі алға тартады.

Автор жапон ғылымының да жаңа өріске шыққандығынан хабар беріп: «Япония оқымыстыларының Еуропа білгіштерімен тайталасып, ғылымға қызмет қылып жүргендері де бар», — дейді. Ары қарай пікірін сабақтай түсіп: «Мысалы, жер сілкіну өзгерісін оқитын «сейсмология» ғылымына Япония білгіштерінен жетік Еуропада оқығандар жоқ саналады», — деп елде жиі болып тұратын зілзала себептерін зерттеу жағынан жапон ғалымдары еуропалықтардың алдына түсіп кеткенін атап өтеді.

Әуезов жапон ғылымының дамуы туралы пікірін тым терендетпей: «Бұдан басқа да һәртүрлі ғылымдарға түр кіргізуге еңбек қылып, үлкен атак алып жүргендер бар», — деп қысқа қайырады. Бұл — мақаладағы соңғы сөйлем. Мақаланың жапон ғылымының жай-күйіне қатысты тұсқа келгенде кілт үзілуі оның толық аяқталмай қалғанынан хабар береді.

Журналдың екі бірдей санында басылып, жапон халқының арғы-бергі тарихы, оның сан ғасырлар бойы оқшауланп келген томаға-тұйық өміріне зор серпіліс, жедел жаңғыру әкеліп, феномендік құбылыс ретінде әлем жұртшылығы түгелдей мойындаған Мэйдзи мәйегі туралы тереңнен толғап жазылған мақала казак қоғамының жаңалыққа жаны құмар, оқыған азаматтарына үлкен ой салды.

(Жалғасы бар)

16 СӘУІР 2026 | БЕЙСЕНБІ

Ең үздік романды анықтауға арналған Mecenat.kz әдеби байқауының бесінші маусымы басталды. Биыл бәйгеге қатысқан 33 үміткердің арасынан оза шауып, 6 роман финалға жетті. Алдыңғы топта қарасы көрінген шығармалар қатарында «AMANAT» партиясы Қоғамдық саясат институтының бас сарапшысы Ерлан Ахмедидің «Ойлан, қазақ» романы бар. Үздік алтылыққа енген туындының авторымен «Айқын» республикалық қоғамдық-саяси газетінің редакциясына келіп, сүйінші жаңалығымен бөліскен еді.

**Ерлан АХМЕДИ:**  
жазушы, саяси сарапшы

## «Ойлан, қазақ» —

## АЛАШ БАЛАСЫН ОЙЛАНУҒА ШАҚЫРАТЫН ТУЫНДЫ

— **Жазушы болу бала арманыңыз ба еді?**  
— Бұл менің алтыншы кітабым. Жазушылыққа қызығушылығым бала кезімнен басталды. 9-10 жасымнан бастап өлеңдер, ертегілер және әр түрлі өңгіме жаза бастадым. Кейін 11-сыныпта мақалалар жазуға ден қойдым. Тіл, патриотизм, ономастика және өзге де саяси тақырыптардағы мақалаларым жарық көрді. 2017 жылдан бастап әртүрлі бағытта кітап жазуға кірістім.  
Алғаш «21 ғасыр шешені. 77 кеңес» атты қазақ тіліндегі заманауи шешендік өнерге арналған шағын кітапым жарық көрді. 2019 жылы «Билік. Көленкедегі үезір» атты көркем шығарма жаздым. 2023 жылы «Qazaq Батыр» («Капитан Qazaqstan») суперқаһармандық бағыттағы комиксім жарық көрді. Ал 2024 жылы «2029: Жасанды интеллект диктатурасы» атты ғылыми-фантастикалық туындымды жаздым. Бұл кітап қазір тек ағылшын тілінде Amazon платформасында сатылымда. Қазақша нұсқасы да алдағы уақытта жарық көруі мүмкін.  
Жаңа кітабымның орны бөлек — бұл мүлде басқа бағытта, жанашыл форматта жазылған туынды. «Ойлан, қазақ» романының идеясы 2023 жылы пайда болды. Сол кезде 50-60 жас шамасындағы, өміріне көңілі толмайтын, тағдырынан түнілген адамның ішкі күйі туралы жазсам деген ой келген еді. Екі жыл бойы ойланып-толғанып, түрлі тұжырымдаманы қарастырдым. Қалай жазамын, не туралы жазамын деген бағытты нақтылап, жоспар құра бастадым. Тіпті, шығарманың мақсаты, басталуы мен аяқталуы да ойымда айқындалып тұрды. Бірақ бірден іске кіріскен жоқпын. Өткен жылдың мамыр айына қарай нақты

адалды, өке мен бала арасындағы байланыс, отбасылық құндылықтар аясындағы рухани һәм пәлсапалық тақырыптар көтерілген.  
Екіншіден, психологиялық, нақтырақ айтқанда, экзистенциялық дағдарыс пен диссоциативті бұзылыс, яғни тұлғаның екіге жарылуы мәселелері қозғалған. Бұл тақырыптар кезінде Төлен Әбдіктің «Парасат майданы» повесі мен Мұхтар Мағауиннің «Жармақ» романының өзегіне айналған.  
Үшіншіден, қазақ әдебиетін XXI ғасыр үрдістерімен үндестіру мақсатында романда жасанды интеллект пен виртуалды уақыт мәшинесі тақырыптары көрініс табады.  
Мақсат — бір кейіпкер мен локальды оқиға арқылы ұлтымыздың қазіргі хал-ахуалын бейнелеу. Кітапта тарихи тұлғаларды тікелей атамай, түспалмен бердім: Абайды — бас ақын, Ахмет Байтұрсынұлы — ұлт ұстазы, Абылай ханды үш жүздің басын қосқан қаған ретінде сипаттадым. Бұл тәсіл оқырманды тереңірек ойлануға жетелейді. Сонымен қатар негізгі сюжетпен қатар әл-Фарабиден бастап, Өзбекәлі Жәнібек пен Дінмұхамед Қонаевқа дейінгі тұлғалардың тарихи сабақтастығы мен өнегесі қосымша желі ретінде өріледі. Осы арқылы бас кейіпкер Әділжан өз болмысын ұлттың ұлы тұлғаларымен салыстырып, рухани ізденіс жолына түседі.  
Бас кейіпкер Әділжан өз өмір жолында өзін де, мақсат-мұратын да іздейді, ал мен сол арқылы ұлтымыздың бүгінгі жолайрықтағы күйіне жауап іздеуге тырыстым. Совет дәуірінде өсіп, сол кезеңнің тәрбиесін көрген Әділжанға



— Шығарманың түйінді ойы Әлихан Бөкейханның «Ұлтқа қызмет білімнен емес, мінезден» деген тұжырымына келіп тіреледі. Ал мінездің өзегі — ұлттық тәрбие. Кітапта кейіпкерлердің есімдеріне ерекше мән бердім. Мәселен, Әділжан, Жолсерік, Үміт, Кенжехан, Жандос сияқты символикалық мағынаға ие аттарды әдейі таңдадым. Сонымен қатар әр тарау мен бөлім атауларына да айрықша назар аудардым. Қысқа әрі нұсқа философиялық ұғымдарды — «Күнә», «Түзеу», «Жолайрық», «Шаңырақ» сияқты атауларды қолдандым. Ал туындының атауына келсек, ол жай ғана атау емес. «Ойлан, қазақ» деп ұлттың атын тікелей алу — үлкен жауапкершілік. Сондықтан бұл атау кездесіп қалмағандықтан, оның артында терең ой мен мақсат жатыр.

Мен Мейрамбек Бесбаевтың термелерін жиі тындаймын. Соның ішінде «Ойлан, балам» туындысын ерекше жақсы көремін. Неліктен? Өйткені бұл терминді мазмұны менің кітабымдағы Әділжан мен Кенжехан арасындағы қарым-қатынасты тереңірек ашып тұрғандай әсер қалдырады. Егер бұл туындым болашақта фильм немесе телехикая ретінде жарық көрсек, «Ойлан, балам» термесі саундтрек ретінде қолданылса, мен үшін үлкен қуаныш болар еді.

Бірде «Оян, қазақ» телехикаясын көріп отырғаныма, ойыма «Ойлан, балам» термесі орала кетті. Сол сәтте кітаптың атауы дүниеге келді — «Ойлан, қазақ». Жан жарым Айгерімге ойымды бірден айттым. Ол «Керемет атау» деп қолдап: «Өйткені бұл кітап адамды басынан аяғына дейін ойлануға жетелейді», — деді.

«Mecenat.kz» әдеби сыйлығының ұйымдастырушыларының айтуынша, алдыңғы маусымдарда ғылыми фантастикаға сүйеніп роман жазуға тырысқандар болған, бірақ ол туындылар ойдағыдай шықпаған сияқты. Ал менің жұмысымда технология (жасанды интеллект, виртуалды әлем) негізгі сюжетке араласпай, тек фон ретінде берілген. Ұйымдастырушылар осы шешімді жоғары бағалады — технология оқиғаны көлегейлемей, керісінше, оның атмосферасын күшейткен.

Қазылар алқасының бірі кітапты «Болашақтың манифесі» деп бағалады. Оқырмандар да пікірлерінде осы тіркесті жиі атап өтуде. Сарапшылар арасында «қазақ оқырманын тек ойландырумен шектелмей, мотивация да беретін» деген оң бағалар айтылып жатыр.

Алғашқы таныстырылымды Көкшетау қаласында өткіздім. Себебі кітаптағы оқиға дәл осы қалада, яғни менің өскен жерімде өрбиді. Тағы бір символикалық байланыс бар. Қазақ әдебиетіндегі тұңғыш роман — «Бақытсыз Жамал» шығармасының негізгі оқиғасы Саумалкөл жерімен байланысты. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданына қарасты кәзіргі Саумалкөл ауылы — менің туған жерім. Бұл туындыны «Оян, қазақ!» өлеңінің авторы Міржақып Дулатұлы Көкшетау өңірінде жүргенде жазғаны туралы тарихшылардың мәліметін оқыдым. Мен болсам, сол Саумалкөл топырағында дүниеге келіп, арада жүз он алты жыл өткен соң «Ойлан, қазақ» романын жазып отырмын.

Жалпы, бұл романның іргетасы бала күнімде, әсемнің қазақты тәрбиесінің арқасында қаланды десе мұра қалмас. Сонымен қатар бүгінге дейін халқымыздың тарихын, әдебиетін, мәдениетін мен дәстүрін, пәлсапасын оқып-зерттеуімнің нәтижесінде де осы туындыда көрініс тапты. Ең бастысы, бұл шығарма — қазақ ұлтына, еліме, арда алты Алаш жұртына деген шынайы әрі шексіз махаббатымнан туған еңбек.

— **Әңгімеңізге рақмет. Сөттілік серігіңіз болсын!**

Сұхбаттасқан  
Арай АСПАН

## «ҚЫЗЫЛ АЛМА» ШЫҒАРМАСЫ САХНАЛАНДЫ

Шахмет Құсайынов атындағы облыстық қазақ музыкалық-драма театрында Шыңғыс Айтматовтың «Қызыл алма» шығармасының премьерасы сахналанды. 7,8 және 12 сәуір күндері қойылған қойылым үш күнде де аншлаппен өтіп, көрерменнің рухани сұранысына дәл жауап берген көркемдік құбылысқа айналды. «Қызыл алма» — жай ғана инсценировка емес, режиссер Баатырбек Шамбетов ұсынған терең режиссерлік концепция мен тұтас сахналық партитураның нәтижесі.



Айтматов прозасының поэтикасын сахна тіліне көшіру — күрделі міндет. Осы тұрғыда режиссер шығарманың сыртқы фабуласына емес, ішкі драматургиялық өзегіне үніліп, психологиялық театр элементтерін пластикалық шешіммен ұштастыра білген. Қойылымның темпо-ритмі бірде баяу сырғып, бірде шырғаға түсіп, кейіпкерлердің ішкі монологтары мен астарлы әрекеттері арқылы көрерменді нәзік иірімдерге жетелейді.

Сахналық кеңістік метафораға құрылған. Қоюшы суретші Ирина Лунга жасаған сценографияда минимализм принципі үстемдік етеді. Бос кеңістік, жоғарыдан төгілген жапырақтар — уақыт пен сезімнің өшпелі табиғатын ишаралайтын символдық код. Бұл — натуралистік емес, шартты театрын айқын көрінісі.

Қойылымның пластикалық партитурасын жасаған балетмейстер Ғазиза Алимбаева сахналық әрекетті хореографиялық мәтінге айналдырған. Әрбір мизансцена — дәл есептелген, әрбір қозғалыс — психологиялық күйдің көрінісі.

Спектакльдің ерекше бір қыры — оқиғаның бастан-аяқ би мен пластика арқылы өрілуінде. Түрлі сюжеттік би арқылы басты кейіпкерлердің жан дүниесі терең ашылып, сахналық әрекет ерекше ырғаққа ие болады. Олар бірін-бірі сұр түсті костюмде бір кісідей жұмылып, сахналық тұтастықты қамтамасыз етеді. Режиссер бұл топты шартты түрде «Театр адамдары» деп алып, оқиғаның өрбуіне негізгі қозғаушы күш ретінде пайдаланған.

Басты кейіпкерлер галереясына келсек, Исабеков — ішкі драматизм терең, психологиялық тұрғыдан күрделі образ. Мейрамбек Мұхатай бұл рөлде сыртқы әрекеттен гөрі ішкі импульске сүйеніп, «ішкі әрекет» мектебінің талаптарына сай бейне сомдайды. Оның әр паузасы, әр үнсіздігі — мәнге толы.

Сәбира бейнесін сомдаған Аяулым Елубай мен Ақерке Хасихан бір рөлдің екі түрлі трактовкасын ұсынады. Бірі — ішке бүккен мұң, сабырлы трагизм арқылы көріне, екіншісі — сыртқы қарсылық пен жан айқайына жақын.

Бейтаныс қыз — романтикалық иллюзия мен өткініш сезімнің символы. Мақпал Сүлейменова мен Әсем Шайсұлтанова бұл бейнені жеңіл пластика, нәзік интонация арқылы жеткізіп, кейіпкердің жұмбақ табиғатын сақтап қалған. Ал Анар — спектакльдің эмоционалды өзегі. Жансая Жұмабекова сомдаған бұл бейне — сахнадағы шынайылықтың ең таза формасы. Баланың психологиялық күйі арқылы қойылымның басты конфликтісі айқындалады.

Музыкалық партитура да режиссерлік оймен сабақтас. Әлемдік классикалық әуендер мен заманауи технология (ЖИ) арқылы өңделген қырғыз сарындары сахналық атмосфераны тереңдетіп, эмоциялық фонды күшейтеді. Дыбыс — бұл қойылымда жай фон емес, ол — әрекеттің тең құқылы қатысушысы. Спектакльдің жарық суретін үйлестірген жарық операторы, актер бейнесін толықтыратын грим шеберлері, сахналық әлемнің шынайылығын жасаған бутафор мамандары, дыбыс атмосферасын қалыптастырған дыбыс операторлары, костюм мен образ тұтастығын қамтамасыз еткен тігіншілер мен костюмерлер, сондай-ақ режиссерлік жауапты қызметкерлер — барлығы да қойылымның көркемдік деңгейін көтеруге өлшеусіз үлес қосты.

Режиссер Баатырбек Шамбетов бұл театр сахнасында бұған дейін де өзіндік режиссерлік қолтаңбасын қалыптастырып үлгерген. Ол қырғыз авторы Мырза Ғапаровтың «Киотоға жол» қойылымы мен отандық автор, көзі тірі классик Төлен Әбдіктің «Өтелмеген парыз» драмасын сахналап, көркемдік ізденіске құрылған, терең психологиялық шешімдерімен ерекшеленген туындылар ұсынған еді. Аталған қойылымдар арқылы режиссердің авторлық стилі айқындалып, көрермен тарапынан жоғары бағасын алған болатын. Шыңғыс Айтматовтың сахнаға сирек шығарылатын, көпшілікке тың қырынан танылып отырған шығармасының театр сахнасында жанаша интерпретацияда көрініс табуы — театр әлемі үшін айрықша жаңалық.

Манарбек ҚЫДЫРБАЙ,

Шахмет Құсайынов атындағы облыстық қазақ музыкалық-драма театрының көркемдік жетекшісі



шешімге келгендей болдым. Ал былтыр 10 шілдеден бастап биылғы 18 ақпанға дейін, яғни жеті айдан аса уақытта кітапты толық жазып шықтым.

— **Кітаптың негізгі мазмұны, ойы қандай, білсек бола ма...**

— «Ойлан, қазақ» романы — бүгінгі Алаш баласын ойландыратын әрі мотивация беретін экзистенциялық туынды. Шығармада кең әрі терең тақырыптарды қарастырамын. Роман бас кейіпкердің ішкі монологы арқылы өрбиді.

Біріншіден, туындыда ұлттық тәрбие, тарихи тізбек пен сабақтастық, әділеттілік пен

ата-анасы адамгершілік пен әділдікті сініргенімен, ұлттық құндылықтарды, қазақтылықтың терең мәнін дұрыс алмады. Соған қарамастан, ол өз ұлдарын ұлттық рухта тәрбиелеуге ұмтылды. Осы сабақтастық арқылы шығармада Кенжеханның бастапқыда әкесіне қарсы болғанымен, кейін оның ұстанымының дұрыстығын түсінуі заңды көрінеді. Өйткені Тәуелсіздік кезеңінде дүниеге келген ол — ұлттық құндылықпен сусындап, тарихи тізбекке жалғанып, жырдастан мен ертегіні бойына сінірген жана буынның өкілі.

— **Кітап қалай жазылды және негізгі түйін не?**

AMANAT  
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ —  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —  
Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —  
Ақмола облысы  
Алтай Байұржанқызы —  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН —  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК —  
Шымкент қаласы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —  
Қызылорда облысы  
Банн ЖАНҰАҚ —  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін — 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін — 55102  
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

Тапсырыс №4728

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 Б  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,